

АБАЙДЫҢ ОПЕРА мен БАЛЕТКЕ ҚАНДАЙ ҚАТЫСЫ БАР?

5-бет



ЖАТТАП ӨСКЕН ҚАҒИДА ЖАЛҒАН ЕКЕН

6-бет



Нурлан СЕЙДИН:
КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК – НАШ ДУХОВНЫЙ СТЕРЖЕНЬ

11-бет


# ҚАЗАҚ ҮНІ

QAZAQ UNI

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz || qazaquni2000@gmail.com || 2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады || №45 (811), 19 қараша, 2018




## ҚАЛАМГЕРДІҢ ҚОҢЫР МҰҢЫ...

*Көрнекті жазушы Эрнест Төреханмен сыр-сұхбат*

**Эрнест ағамыз жетпіс бес жасқа толды. Бұл орайда біз жазушыдан өзін толғантқан жан сырымен бүкпесіз бөлісуін өтіндік.**

8-9 бет

**Берік ДҮЙСЕМБИНОВ:**

# ҚОС АЗАМАТТЫҚТЫ ҚОЛДАҒАНДАР ЖАУАПҚА ТАРТЫЛУЫ ТИІС

## ҚАЗАҚСТАНДЫ ОТАНЫМ ДЕП СЕЗІНБЕУ, ҚОСМЕКЕНДІ БАҚА-ШАЯННЫҢ ҚЫЛЫҒЫ ДЕП ТҮСІНЕМІЗ





**Жауапкершілікті толығымен түсіне отырып, саналы түрде заң бұзған мемлекеттік қызметкерлердің әрекеттерін су ішкен құдығына түкіру, Қазақстанды отаным деп сезінбеу, қосмекенді бақа-шаянның қылығы деп түсінеміз.**

**Парламентте өткен Мәжілістің пленарлық отырысында «Ақ жол» фракциясының депутаты Берік Дүйсембинов «Қос азаматтықты қолдағандар жауапқа тартылуы тиіс» деп мәлімдеді. «Қазақ үні» газеті Үкіметке жолданған депутаттық сауалдың толық мәтінін ұсынады.**

4 бет



# ЖАЛҒАН АҚПАРАТПЕН

## ЖҰРТТЫҢ ЖАЛАҚЫСЫ КӨТЕРІЛМЕЙДІ

**Үкіметтің кезекті отырысында ҚР премьер-министрі Бақытжан Сағынтаев Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен жергілікті әкімдіктерге әдеттегідей қағаз жүзінде көпіртіп есеп беретіндей емес, қазақстандықтардың қолына тиетін нақты айлық табысына сараптама жасауды тапсырды. Бұл туралы baq.kz хабар таратты. «Бәрі сол «статистиканың мәліметі дұрыс емес» деген әңгімеге тіреледі. Болмаса, орташа жалақы жоғары дейсіздер. Ал шын мәнінде халықтың нақты табысы әлдеқайда төмен. Оған не себеп болып отыр? Соны анықтайтын дәйекті де нақты сараптама керек.**

3 бет



## РУХЫ КҮШТІ ТҰЛҒА

14 бет

# «КОК-ЖАЙЛЯУ»

## НЕСОСТОЯТЕЛЕН ИЗ-ЗА ИЗМЕНЕНИЯ КЛИМАТА И РЕЛЬЕФА ЗЕМЛИ



**Проект курорта «Кок-Жайляу» превратился в одну из самых обсуждаемых тем в Казахстане и разбил общество на два больших лагеря. Эта тема достигла высшей точки накала на общественном слушании в Алматы 4 ноября.**

10 бет

# ЕЛБАСЫ ҚазҰПУ-дің РЕКТОРЫ ТАКИР БАЛЫҚБАЕВТЫ ҚАБЫЛДАДЫ

**Кездесуде Мемлекет басшысына жоғары оқу орнының қызметі және «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты жолдауды іске асыру аясында атқарып жатқан жұмыстары жөнінде есеп берілді.**



Қазақстан Президенті еліміздегі жоғары білім беру жүйесін қалыптастыру және дамыту үдерісіндегі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің рөлін атап өтті.

– Бұл университет – Қазақстанның алғашқы жоғары оқу орындарының бірі. Еліміздегі жоғары білім беру жүйесінің негізі осы оқу ордасынан бастау алады деуге болады. Сіз және бүкіл оқытушы-профессорлар құрамы отандық білім беру ісіне алдағы уақытта да үлес қосатындарыңызға сенемін, – деді Елбасы.

Нұрсұлтан Назарбаев биылғы Жолдауда оқыту және ағарту қызметі мен студент жастардың жағдайын жақсарту мәселелеріне баса мән берілгенін айтты.

– Педагогтер мәртебесін арттыру – маңызды міндеттердің бірі. Осы міндетті жүзеге асыру барысында университеттеріңіз алдыңғы шепте болуға тиіс. Бұл мәселені жан-жақты пысықтау қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар, Қазақстан Президенті университеттің қазіргі заманғы ғылыми-техникалық прогресс талаптарына сай болу керек екенін атап өтті.

– Әлемнің алдыңғы қатарлы оқу орындарымен ынтымақтасып, байланыс орнатқан жөн. Тәжірибе алмасып, бірлесе жұмыс істеу қажет. Сондай-ақ, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің мәртебесін арттыру жөніндегі жұмыстарды жалғастырудың маңызы зор. Сіз басқаратын университет педагогикалық білім беретін басты оқу орны болуға тиіс, – деді Мемлекет басшысы. Кездесу барысында Қазақстан Президенті ҚазҰПУ ректорын университеттің 90 жылдық мерейтойымен құттықтап, осы айтулы күнге орай барлық оқытушы-профессорлар құрамы мен студенттерге құттықтау сөзін жолдады.

Т.Балықбаев Нұрсұлтан Назарбаевқа биылғы Жолдаудың ережелеріне сәйкес оқу орны алдына қойылған міндеттерді орындау барысы және университетті дамыту жоспарының жүзеге асырылуы жөнінде баяндады. Ректордың мәліметіне сәйкес, университет QS World University Rankings 2019 есебі бойынша үздік топ-500 жоғары оқу орындарының қатарына енген.

# ТАРАЗДА ТАРИФТЕРДІ ТӨМЕНДЕТУ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

**ҚР Премьер-Министрі Жамбыл облысына жұмыс сапары барысында өңірдің монополистерімен және коммуналдық кәсіпорындарымен тарифтік саясаттың ашықтығы мәселелерін талқылады. Елбасының Қауіпсіздік кеңесінің отырысында берген тапсырмаларын орындау аясында тарифтерді төмендету бойынша қабылданған шаралар қаралды.**

Кеңес барысында тарифтерді белгілеудің айқындығы, электр және жылу энергиясына, сумен және газбен жабдықтау қызметтеріне, кәріз жүйесі, телефон байланысы және интернетке тарифтерді төмендетуге қатысты мәселелер көтерілді. Б.Сағынтаев Президенттің түпкі тұтынушыларға тарифтерді төмендету жөніндегі міндеттерін орындау мақсатында Үкімет тиісті жұмыстарды бастағанын атап өтті. Бұл – қысқа мерзімде іске асырылуы тиісті институционалдық, жүйелік өзгерістер және жедел шаралар. Табиғи монополистер қаражаттарын мақсатты пайдалануды және монополияға қарсы қызметті және мемлекеттік бақылауды күшейту бойынша заңнамаға түзетулерді әзірлеу жұмыстары басталды. «Табиғи монополиялар туралы» жаңа заң жобасы Парламент Мәжілісінің қарауына берілген. Жаңа заң жобасында тарифті барынша айқын етуге және халықты тариф қалыптастыру процесіне тартуға мүмкіндік беретін бірқатар институттарды құру қарастырылған. Өз кезегінде, өңірлердегі жергілікті атқарушы органдардың және коммуналдық кәсіпорындардың басшылары өз деңгейлерінде тарифтерді қалыптастыру процесінің айқындығын қамтамасыз етуі тиіс және энергетикалық қызметтер нарығында баға белгілеуді бақылауды күшейтіп, сондай-ақ тарифтерді төмендету бойынша барлық қажетті шараларды дереу қабылдауы қажеттігін баса айтты.



# ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫНА ТАҒЫ ДА ҚАУІП ТӨНДІ

**Қазақстандықтардың зейнетақы қорына жинаған ақшасы тағы да талан-таражға түсуі мүмкін. Бұл жайында Парламент отырысында Ұлттық банктің басшысына депутаттық сауал жолдаған Шакир Хахазов мәлімдеді.**

Халық қалаулысының ескертуінше, елдің бас банкі биылғы қыркүйекте «ABIBA INVESTORS» деп аталатын шетелдік инвестициялық компанияға 70 миллиард теңгеден астам ақшаны сеніп тапсырған. Алайда, бұл фирма тәжірибесінде талай рет инвестициялық заңнамаларды белден басып, түрлі дау-дамайға шатылған көрінеді.

– 2015 жылы Ұлыбританияның қаржы реттеу және қадағалау басқармасы «ABIBA INVESTORS» компаниясына клиенттерінің ақшасын тиімсіз пайдаланғаны үшін 7,6 миллион фунт стерлинг айыппұл салған. Бұл компания айыппұлдар мен компенсацияларды қоса есептегенде барлығы 150 миллион фунт стерлинг төледі. Бұл мәліметтердің барлығы ресми түрде жария етілген. Осындай күдікті фирмаға жұрттың ақшасын қалай сеніп тапсырамыз? – деді ҚР парламенті Мәжілісінің депутаты Шакир Хахазов.

Өте орынды сауал. Ертеңгі зейнеткерлердің қаржысын кім көрінгенге беру – қылмыс. Әзірбайжанға кеткен қаржыны қайтара алмай жатқанымыз біздің қаржыгерлерге сабақ болмағанға ұқсайды. Сондықтан, осындай ысырапшылдық үшін оларға қылмыстық жазаны барынша қатаңдату қажет.

# ЖАНСАЯ ӘБДІМӘЛІК – ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ ШИРЕК ФИНАЛЫНА ШЫҚҚАН ТҰҢҒЫШ ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ

**Жансая Әбдімәлік – әлем чемпионатының ширек финалына шыққан тұңғыш қазақ қызы қазақстандық шахматшы қыз Жансая Әбдімәлік Ресейдің Ханты-Мансийск қаласында өтіп жатқан әлем чемпионатын ширек финалда аяқтады. Отандасымыз 1/4 финалда украиналық Мария Музычукқа жол беріп, жартылай финалға шыға алмады.**

Жансая мен Мария арасындағы аса тартысты ойын үш күн өтті. 12-қараша күні классикада қазақстандық шахматшы қыз жеңіске жетіп, мерейімізді асырды. Олай дейтініміз қарсыласы әлемдегі ең мықты шахматшылардың бірі. Үш бірдей Олимпиадада жүлде алған. Алтыны бар, күмісі бар, қоласы бар. Әлем чемпионаты мен Еуропа чемпионатында да зор жетістікке жеткен.

13-қараша күні өткен ойында Мария Музычук жеңіске жетіп, есепті теңестірді. Жансаяға бұл ойында тең түскеннің өзі жеткілікті еді. Алайда, тәжірибелі қарсыласы мықтылығын мойындатып кетті. Нәтижесінде жартылай финалға шыққан шахматшы кеше блицте анықталды.

Шешуші ойын өте қызықты өтті. Алғашқы 10 минуттағы ойында украиналық шахматшы қыз жеңіске жетті. Үзілістен кейін Жансая жеңіске бастар жолды тапты. Қорытындысында қосымша 5 минуттық ойында Мария бір рет жеңіске жетіп, бір рет тең түсті.

18 жастағы Жансая Әбдімәлік әйелдер арасындағы әлем чемпионатында зор жетістік шыңын бағындырды деп айта аламыз. 64 шахматшы қатысқан бәсекеде үздік 8 ойыншының қатарына енді. Осыған дейін бірде-бір қазақстандық шахматшы қыз әлем чемпионатының ширек финалына шықпаған.

Жансая Марияға дейін үнді Рут Им Падминиді, қытайлық Хе Жаоны және FIDE рейтингіне 16-орында тұрған поляк қызы Йоланта Завадскийді жеңді.

Қазақстандық шахматшы қыз қазір FIDE рейтингінде 22-орында тұр. Жансаяның жетістігі аз емес. Талай халықаралық жарыстарда топ жарған. 8 жасқа дейінгі қыздар арасында Азия чемпионы (2008 ж), оқушылар арасында екі дүркін әлем чемпионы (2010, 2012), жасөспірімдер арасында әлем чемпионы (2011 ж), 20 жасқа дейінгі қыздар арасында әлем чемпионы (2017 ж) және күмісі (2013 ж) мен қоласын (2015 ж) да алған. Ерлер (2017 ж) мен әйелдер (2014 ж) арасында халықаралық деңгейдегі гроссмейстер. Халықаралық деңгейдегі спорт шебері.

*massaget.kz*

# ТӨЛ ТЕҢГЕМІЗ ЖІГІТ ЖАСЫ – ЖИЫРМА БЕСТЕ

**Алматыда Қазақстан қаржыгерлерінің VIII конгресі болып өтті. Маңызды жиын төл теңгеміздің дүниеге келгеніне 25 жыл толуына орай ұйымдастырылды.**



Аталмыш қаржыгерлер конгресінде ҚР Ұлттық банкінің төрағасы Данияр Ақышев сөз сөйлеп, банктерге бүгінгі күні қойылатын заманауи талаптарды атады және бұл бағытта басталған жұмыстармен таныстырды. Осы орайда 2 жылда стандарттары төмен және тәуекелдерді басқару жүйесі әлсіз 5 банктің лицензиясы қайтарылғанын атап өтті. «Казкоммерцбанк» банкінің «Халық» банкіне қосылғаны тек Қазақстан емес, ТМД көлемінде бәсекеге қабілетті қаржы институтына айналғанын жетістік ретінде атады. «Ұлттық банк» банк секторының тұрақтылығын арттыратын кешенді бағдарлама құрды. Басты мақсат – банктерді акционерлердің қаржысын тарта отырып сауықтыру. Бұл өз кезегінде бірнеше жыл стагнацияда тұрып қалған бизнесті несиелендірудің қайта жандануына септігін тигізбек. Сау банктердің экономиканы несиемен қамтуының көлемі 7 пайызға артқан», – деді ол.

Бас банкирдің айтуынша, талқылау институтының ашылуы қаржылық ұйымдардағы алғашқы проблемаларды анықтауға, инвесторлардың құқығы мен мүддесін қорғауға бағытталған. Төлем қабілеттілігі нашар банктерді анықтау режимі жетілдірілетін болады. «Әңгіме, банк активтерінің сапасын жан-жақты бағалау туралы. Біздің ойымызша, бұл рәсім тек банктердің өзіне қажет нәрсе. Тәуелсіз бағалау инвесторлардың қаржылық институттарға сенімін арттырады», – деді Ақышев.

Ия, Тәуелсіздігіміздің бір белгісі саналатын төл теңгеміз де жігіт жасы жиырма беске келген екен. Тұсауы дұрыс кесілмеген баладай бір жығылып, бір тұрған банк жүйесі жігіт жасына келіп ақыл тоқтатып, алдағы уақытта қадамын нық басар деген үміттеміз.

# ХАЛЫҚ САНЫ АРТЫП КЕЛЕДІ

**Үстіміздегі жылдың 1-қазанында Қазақстанда халық саны 18 млн. 334,3 адам болды. Бұл өткен жылдың 1-қазанымен салыстырғанда 237,4 мың адамға көп немесе 1,3 пайызға өскенін көрсетеді.**

Өзге деректерді келтірген сарапшылар 2018 жылғы қаңтар-қыркүйекте республикада 1 жасқа дейінгі 2 354 нәресте өлімі тіркелгенін жеткізді. 2017 жылғы қаңтар-қыркүйегімен салыстырғанда 1 жасқа дейінгі шетінеген нәресте саны 1,3 пайызға көп. Нәресте өлімжітімінің негізгі себебі – перинаталдық кезеңде пайда болатын жағдайлар. Туа біткен ауытқулардан 465 немесе 19,8%, тыныс органдары ауруларынан – 152 немесе 6,5%, жазатайым жағдайдан, уланудан және жарақаттан – 108 немесе 4,6% нәресте қайтыс болды. 2018 жылдың қаңтар-қыркүйек айлары аралығында елімізге көшіп келгендер саны 2017 жылғы көрсеткіштен 21,8 пайыз азайып, қоныс аударғандар саны 12,2 пайызды құрады. Негізгі миграциялық көші-қон ТМД елдері бойынша өтіп жатыр. ТМД елдерінен келген адамдар үлесі 78,2 пайыз, көшіп кеткендер үлесі – 90,8 пайыз болды.

**Үкіметтің кезекті отырысында ҚР премьер-министрі Бақытжан Сағынтаев Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен жергілікті әкімдіктерге әдеттегідей қағаз жүзінде көпіртіп есеп беретіндей емес, қазақстандықтардың қолына тиетін нақты айлық табысына сараптама жасауды тапсырды. Бұл туралы baq.kz хабар таратты. «Бәрі сол «статистиканың мәліметі дұрыс емес» деген әңгімеге тіреледі. Болмаса, орташа жалақы жоғары дейсіздер. Ал шын мәнінде халықтың нақты табысы әлдеқайда төмен. Оған не себеп болып отыр? Соны анықтайтын дәйекті де нақты сараптама керек. Бұл бірінші кезекте осы мәселеге жауап беретін құзыретті органдар – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен жергілікті жердегі әкімдіктердің жұмысы», – деді Үкімет басшысы. Осы орайда премьер-министр келесі айда өтетін Үкімет отырысында аталған мәселе қайта қаралатынын жеткізді. Бір айдан кейін нақтыланған есеп-қисап бас уәзірдің алдында жатуы керек.**

# ЖАЛҒАН АҚПАРАТПЕН

## ЖҰРТТЫҢ ЖАЛАҚЫСЫ КӨТЕРІЛМЕЙДІ



Бұл ақжарма ақпараттан хабардар болған қарапайым халық «Құдайым-ау, шынымен де алатын айлығымыз туралы ащы шындық Бас уәзірдің құлағына жеткені ме?! Қатардағы тұрғындардың айлық жалақысы туралы жалған есеп берген министрлер мен әкімдердің өтірігі енді ашылатын болды!» – дейді тапқаны тұрмысына жетпей жатқандар. Соңғы он шақты күнде екі бірдей жақсы жаңалық естіген қарапайым халықтың қуанышында шек жоқ. Енді қайтсын, алатын 60-70 мың теңгенің жартысын коммуналдық төлемдерге берген соң келесі айлыққа дейін ашқұрсақ жүрген көпшілік өз құлағына өздері сенбей қалғаны да шындық. Оның үстіне жақында өткен Қауіпсіздік кеңесінің отырысында Елбасы жылдар бойы халықты қанап келген электр қуатын, газ, жылу және су тарататын монополист кәсіпорындардың қызметін тексеріп, тойымсыздықпен негізсіз көтеріп алған бағаларды түсіріңдер, кінәлілерді жазалаңдар деп тапсырма бергені бар. «Жақсы сөз – жарым ырыс» демекші, міне дәп осы екі жаңалық жұрттың еңсесін түзегендей болды. Бірақ, қуануға әлі ертерек, тапсырманың нақты орындалғанына көз жеткізген соң ғана тұрғындар бөріктерін аспанға атса болады. Өйткені, елімізде қалыптасқан тәжірибеге сүйенсек, біздегі жоғарыдан берілген кез-келген тапсырма шұғыл басталып, науқандық қана сипат алып, соңы сиырқұйымшақтанып, көп уақыт өтпей ұмытылатыны белгілі. Яғни, нақты берілген тапсырманы орындауда да билік басындағылар түк бітірмей түлкібұлаңға салып, жоғарыға «Қырдық-жойдық!» деп беттері бүлк етпей өтірік есеп беретініні жасырын емес. Бұл жолы да дәп солай болуы әбден мүмкін.

Енді сөзіміз дәлелді болу үшін қатардағы адамдардың алатын айлығы жайында жоғары мінберден лауазымдылардың аузынан шыққан бір-екі лебіздерін айта кетелік. Бұл туралы «Қазақ үні» газеті («Министр мектепте оқымаған ба?», №16, 23-04-2018 ж.) жазған болатын. Түсінікті болу үшін сол мақаладан үзінді келтірелік.

«Еліміздің экономикасының тізгінін қолында ұстап отырған министр Тимур Сүлейменов қазақстандықтардың өткен наурыз айындағы жалақысын шотқа салып, тұрғындарымыз орташа есеппен қанша айлық алғанын санап үлгеріпті. Оның айтуынша Қазақстанда осы жылдың наурыз айында орташа айлық еңбекақы нақты көріністе 2,4 пайызға өсіп, 153,2 мың теңгені құрапты.Бұл туралы Үкімет отырысында ҚР Ұлттық экономика министрі Тимур Сүлейменов ауыз толтырып мәлімдеді. «Есептік кезеңде ЖІӨ өсуі 4,1 пайызды құрады. 2017 жылдың сәйкес кезеңінде ЖІӨ 3,6 пайыз болған еді. Мұндай серпін өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығының, көрсетілетін қызметтер саласының өсуімен байланысты. Сондай-ақ, жалпы ішкі өнімнің ұлғаюуына инвестициялардың жоғарғы өсімі мен төмен инфляциялық процестер септігін тигізуде. Инфляция жыл басынан бері 1,8 пайызды құрады. Бұл 2017 жылдың сәйкес кезеңі бойынша 0,5 пайызға төмен. Жылдық мәндегі инфляция 6,6 пайызды құрады», – деп қуантты жиналғандарды.

Былтырғыға қарағанда, ел экономикасында сәл де болса алға жылжу бар шығар, оған ешкімнің таласы жоқ. Бірақ, министрдің қазақстандықтардың орташа жалақысы туралы есебіне ешкім сенбесі анық. Онысы нақты есептен гөрі ертегіге көбірек ұқсайды. Біздегі тұрақты жұмыс істейтін, саны жағынан ең көп мемлекеттік қызметкерлер саналатын мұғалімдер, тәрбиешілер, дәрігерлер, медбикелер мен әкімдіктегі қарапайым қызметкерлердің жалақысы 80 мыңға жетпей жатса, 153 мың теңге орташа жалақы қай жақтан пайда болды? Ал, жеке кәсіпорындар мен құрылыста таңғы сегізден кешкі сегізге дейін жұмыс істейтіндер де 100 мың теңге таппайды. Оның үстіне құрылыс маусымы әлі басталған жоқ. Миллиондаған жұмыссыз жүргендерді бұл басқатырғыш жұмбақ есепке қоспаған күннің өзінде мұндай қомақты сома шықпайды. Әлде бұл бір ғана Экономика министрлігі штатының орташа айлық жалақысының көрсеткішін бүкіл қазақстандық тұрғындарға жапсыра салу ма? Наурыз айы аяқталмай жатып бұл көрсеткіштерді қалай ғана тез жинап алды? Әдетте бір компанияның есеп-қисабын тексеруге кем дегенде бір ай уақыт қажет. Қазақстандықтардың деген соң оған барлық жұмыс істейтін тұрғындардың табысы кіруі керек емес пе? Осы жағын ескерсек, орташа жалақы 153 мыңның маңайына жоламайтынын бесінші сыныптың оқушысы да шығарып бере алады. Әлде біздің министр бастауыш сыныпта математика пәнін оқымаған ба? Біздінше, Сүлейменов қол астындағылардың қиялынан туындап, «тисе терекке, тимесе бұтаққа» деп дайындап берген жалған ақпаратын жариялай салған. Мұндай есеп құлаққа қонымды болу үшін барлық сала мен еліміз бойынша еңбек ететін адамдардың табысын түгелдей тексеріп, нақты зерттеу жүргізу қажет. Сонда ғана, 153 мың теңгелік орташа жалақының жеті қабат жер астынан шыққанын немесе аспаннан аяғы салбырап түскенін нақты білетін боламыз». Осы тектес жалған мәліметтер өзге де министрлер мен әкімдердің есебінде жиі кездеседі. Оның бәрін тізіп жатудың қажеті жоқ шығар.

Көзі қарақты кез-келген адам күнделікті жаңалықтарды жібермей, қадағалап отырады. Жоғары білімді, аты жер жаратын шетелдерден мемлекет есебінен біліктіліктерін арттырып келген лауазымдылар түгіл, орта ғана білімі бар қарапайым жұмыс адамының өзі оны қалт жібермейді. Бүгінгі заманның талабы солай, онсыз өмір көшіне ілесе алмайсыз. Әсіресе, бұл билік басындағылар үшін аса қажет. Кеңседен шықса өздерін адасып кетердей сезінетін басшылар халықтың арасына бармаса да, басылымдарда жазылып, телеарналардағы жаңалықтардағы жұрттың жанайқайына бір сәт құлақ түруге болады ғой. Кеңседе омалып отыратын басшы – бар болғаны хатшы ғана. Нағыз басшы күні-түні халықтың ортасында жүруге тиісті. Құдайдың құтты күні қарапайым тұрғындардың тұрмыстық түйткілдерін жариялап жатқан телеарналар соның бәрін кім үшін көрсетіп жатыр? Әрине, бұқара сенім артқан билік басындағы азаматтар естіп-көрсін, оқысын, осыған назар аударсын деген мақсатпен беріледі. Бүгінгі қымбатшылық заманында алатын айлықтарының тым аз екенін бірнеше жылдан бері тұрғындар тұрақты айтып келеді. Басқасын былай қойғанда, біздің газетте жазылған сол мақаланың жарық көргеніне де жеті ай болыпты.

Жұрт жалақысының жартысын коммуналдық қызмет үшін береді деп айттық. Ол шындық. Осы тұста мына бір жағдайға назар аудармасқа болмайды. Электр қуатының тым қымбаттап кеткенін бұқара баяғыдан бері, жылдар бойы айтып келді. Осыған байланысты салалық министрліктерге, Монополияға қарсы күрес агенттігіне талай арыздар жолданғаны да анық. Осы орайда, олардың қайсысы нақты бір шешім қабылдап, бағаның негізсіз көтерілгенін кім тексеріпті? Керісінше, агенттіктің бұрынғы басшысы Мұрат Оспанов Атырау аймағында электр қуатына бағаны көтеруге заңсыз рұқсат беріп, пара алғаны үшін өзі істі болды. Ешкімнен ешқандай көмек болмаған соң, халық Елбасына арызды қарша боратуға мәжбүр. Енді міне, Президент негізсіз көтерілген бағаларды түсіру туралы бұйрық беріп еді бәрі қимылдай бастады. Сонда министрлер, әкімдер бұған дейін тұтынушылардың құқығы өрескел бұзылғанын, тойымсыз кәсіпкерлердің тәбетін тыю керектігін білмегені ме? Білгенде қандай, содан өздеріне де пайда түсіріп отыр десек артық айтқандық емес. Халықтың мұң-мұқтажына мән бермейтіндер жауапты салалар мен аймақтарды қалай басқарып отыр?..

Қарапайым халықтың айлық жалақысы сөз болған үкіметтің осы отырысында премьер-министр Бақытжан Сағынтаев «Бәрі сол «статистиканың мәліметі дұрыс емес» деген әңгімеге тіреледі» деп айтуы тегін емес. Үкіметке берілетін мәліметтерде шикілік болған соң айтып отыр. Жақында ғана 2018 жылдың қазан айындағы бір жалдамалы қызметкердің орташа айлық жалақысының мөлшері 164 552 теңгені құрады, деп хабарлады ҚазАқпарат тілшісі ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика агенттігіне сілтеме жасап. Соған орай, биылғы жылдың қыркүйегінде тұрғындардың бір айдағы жан басына шаққандағы ақшалай шығындарының орташа көлемі 89 613 теңгені құраған. Олардың айтуынша, тұрғындардың ақшалай табысы өткен жылмен салыстырғанда 8,6 пайызға, нақты алғанда 2,4 пайызға өскен екен. «Жалпы салыстырған» мен «нақты алғандарының» қайсысы дұрыс, қайсысына сенуге болады? Бұл да кезекті қисынсыз есеп екені айтпаса да түсінікті. Мұндай жалған мәлімет қайдан шығып отыр? Тұрғындардың деген соң бұл дерек еліміздегі барлық адамдарға қатысты емес пе? Әлде 164 552 теңге жалақысы барлардың қатарына айына небары 30-40 мың теңге алатын күзетшілер, түрлі мекемелердің еденін жуатындар, тағы да көптеген мардымсыз жалақы алатын адамдар кірмей ме? Демек, бұл жерде жалған ақпарат салалық министрліктен, жергілікті әкімдіктерден немесе статистика орындарынан шығып отыр деп айтуға болады.

Мәліметті көтеріп, қағазға көпіртіп жазып бергеннен адамдардың жалақысы өсіп, сатып алу қабілеті артып кете ме? Жоқ. Олай болса айына бір миллионға жуық айлық алатын министрлерге 60 мың теңге айлық тағайындап, «Біздің министрлер айына 600 мың теңге жалақы алады» деп жар салып көрелік ұнаса. Мұндай әділетсіздікті, жөнсіз жапсырылған жалған ақпаратты олар көтере алмасы белгілі. Ертеңінде-ақ, айқайлап шыға келері анық, немесе қызметін тастап қашады. Бұл жерде айтайын дегеніміз – мәселенің материалдық жағы ғана емес, моральдық жүгі. Әдетте қарапайым адам қулық-сұмдыққа бара бермейді. Олар барды – бар, жоқты – жоқ деп ашық айтып үйренген. Бұл әрі-беріден соң күнін әзер көріп жүргендерге «Айтарлықтай жоғары жалақы алып жатырсыңдар, тағы не керек сендерге?!» деп сұқ саусағымен халықтың көзін шұқығанмен бірдей көрініс емес пе? Осы бір жалған мәліметтердің өзі халықтың ашу-ызасын тудыратынын неге ескермейміз? Олар қанша ақша алып жатқандарын жария етіңдер деп сұрап па Үкіметтен?

Реті келгенде айта кетейік, соңы қалай аяқталса да бұл орынды көтерілген мәселе екенін атап өткеніміз жөн. Біріншіден, министрлер мен түрлі лауазымдағы әкімдердің адалдық деңгейін тексеретін сынақ болмақ. Екіншіден, осы айлыққа қатысты жалған ақпарат беретін әкімдер мен министрлер қол астындағы тұрғындардың қанша айлық алатынын, қалай күн көріп жатқанын сәл де болса біле бастайтын шығар. Өкініштісі, білген күннің өзінде өтірік ақпарат беруден қайтпайтындар да табылары сөзсіз. Өйткені, халықтың тұрмысы төмен болғаны үшін жоғары жақта оның басынан ешкім сипамасы белгілі. Қызметінен айырылып қалмас үшін небір құйтұрқы әдістерге, көзбояушылыққа барады. Сөйтіп халқының көзін бақырайтып қойып өтірік айтады. Оған қоса Елбасыны да алдайды. Сонда олар өздерін жоғарыдан бақылап, бағыт-бағдар беріп отыратын басшыларын ақымақ санағаны ғой? Немесе басшылары да бұның бәрін біле тұра олардың осы іс-әрекетіне көз жұмып қарайды деген сөз. Басқаша түсіндіру мүмкін емес.

Ақиқаттан айныған жерде адасу басталатыны белгілі. Жалған сөйлеген жан өзі ғана адасып қоймайды, өзгені де жарға жығады. Ең өкініштісі де сол...

**2-3-бетті дайындаған**
**Зейнолла ҚАБИОЛЛАҰЛЫ**

**Жауапкершілікті толығымен түсіне отырып, саналы түрде заң бұзған мемлекеттік қызметкерлердің әрекеттерін су ішкен құдығына түкіру, Қазақстанды отаным деп сезінбеу, қосмекенді бақа-шаянның қылығы деп түсінеміз.**

**Парламентте өткен Мәжілістің пленарлық отырысында «Ақ жол» фракциясының депутаты Берік Дүйсембинов «Қос азаматтықты қолдағандар жауапқа тартылуы тиіс» деп мәлімдеді. «Қазақ үні» газеті Үкіметке жолданған депутаттық сауалдың толық мәтінін ұсынады:**



**Берік ДҮЙСЕМБИНОВ:**

# ҚОС АЗАМАТТЫҚТЫ ҚОЛДАҒАНДАР ЖАУАПҚА ТАРТЫЛУЫ ТИІС

## ҚАЗАҚСТАНДЫ ОТАНЫМ ДЕП СЕЗІНБЕУ, ҚОСМЕКЕНДІ БАҚА-ШАЯННЫҢ ҚЫЛЫҒЫ ДЕП ТҮСІНЕМІЗ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАС ПРОКУРОРЫ Қ.П.ҚОЖАМЖАРОВҚА
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРІ Қ.Н.ҚАСЫМОВҚА
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРІ М.Б.БЕКЕТАЕВҚА

**ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ**

Қазақстан Республикасының азаматтығы – бұл мемлекеттіліктің темірқазығының бірі. Ол адамның мемлекетпен саяси-құқықтық байланысын айқындайды, олардың өзара құқықтары мен міндеттерінің жиынтығын білдіреді. Қазақстанның азаматы болу, Конституция мен заңдарда жарияланған, кепілдік берілетін азаматтық, саяси, экономикалық және әлеуметтік құқықтар мен бостандықтарды барынша толық иеленуіне негіз болады.

Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, бір елдің ғана, яғни, Қазақстанның азаматымыз. Біздің ұғымымызда қос елдің азаматы болу деген түсінік мүлде жоқ және бұл ереже Ата заңымыздың 10-бабының 3-тармағында тайға таңба басқандай етіп жазылған.

Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінде қос азаматтық үшін жауапкершілік қарастырылған. Ал бұндай заң бұзушылықты мемлекеттік қызметтегі адамдар жасаса, жауапкершілік одан да қатаң.

Егер шетел заңнамасына көз жүгіртсек, мысалы Әзірбайжанда қос азаматтық үшін қылмыстық жаза 2014 жылы енгізілген. Тіпті көршілес қырғыз елінде мемлекеттік қызметтегі адамдарды қос азаматтық үшін қылмыстық жазаға тарту мәселесі талқылану үстінде.

Қытай заңнамасы да қос азаматтыққа қатаң қарайтындығы баршамызға мәлім. Қытай азаматтығынан шықпай, Қазақстанға көшіп келмекші болған қандастарымыздың басынан өтіп жатқан жағдайлар оған куә. Сыртқы істер министрлігінің 12 қос азаматтығы бар қытай қазақтарын тұтқыннан босатып алу үшін қыруар күш жұмсағанын да өздеріңіз білесіздер. Естеріңізге сала кетейін, осы мәселені «Ақ жол» партиясының делегациясы былтыр Бейжінде ең жоғарғы деңгейде көтерген болатын. Мүмкіншілікті пайдалана отырып Сыртқы істер министрлігіне барынша қолдау көрсеткені үшін алғыс айтқымыз келеді. Олар үшін керек болса, тіпті Қазақстан азаматтығын алуды жеңілдетуге болар.

Жалпы, ол елдегі қандастарымызға да бір шешімге келіп, қай елдің азаматы болатындығын таңдайтын кез де келген сияқты.

Қарапайым азаматтардың белгілі бір материалдық мүддеге қызығып, мәселен, пенсия, әлеуметтік төлемдер, сол аздаған дүние үшін қос азаматтық алып, заң бұзғаны бір әңгіме. Ал, осы жауапкершілікті толығымен түсіне отырып, саналы түрде заң бұзған мемлекеттік қызметкерлердің әрекеттерін су ішкен құдығына түкіру, Қазақстанды отаным деп сезінбеу, қосмекенді бақа-шаянның қылығы деп түсінеміз.

Мысалы, ақтөбелік адвокат Валерий Якубенко 2000 жылы Ресей азаматтығын алғанын осы уақытқа дейін жасырып келген. Онымен қоймай, аталмыш Ресей азаматы мемлекетпен кепілдендірілген заңды көмек көрсету аясында бюджеттен 5 миллион теңгеден астам қаржы алған. Адвокаттардың қызметіне кәсіби қадағалау жүргізудің орнына, Ақтөбе облыстық адвокаттар алқасының төрайымы, оның үстіне Валерий Якубенконың жұбайы, Раиса Якубенко, кәсіби заңгер ретінде заң бұзушылықты көре тұра, 18 жыл бойы осыған көз жұмып, өзі де заң бұзушылыққа тікелей қатысып келген. Тек, Әділет министрлігінің тікелей араласуының арқасында ғана Валерий Якубенко әкімшілік жазаға тартылып, лицензиясынан айырылған.

Сонымен қатар, қолымызда бар мәліметке сай, елімізде 2016 жылы 400-ден аса, 2017 жылы 600-ден аса, 2018 жылдың 10 айының ішінде 527 қос азаматтық фактілері анықталған. Ал, бұл цифрлардың ішінде қанша мемлекеттік қызметкерлер немесе мемлекеттік билік функцияларын жүзеге асыратын өкілдер бар екендігін бір құдай біледі. Ашық ақпарат көздерінен мұндай мәліметті таппадық.

Көптеген елдерде сол елдің азаматтығын қабылдау кезінде ант беру рәсімі қарастырылған. Мысалы, Америка Құрама Штаттарында азаматтық алу үшін берілетін антта «Мен осы күнге дейін азамат болған кезкелген мемлекетке адалдықтан мүлдем бас тартамын, қолыма қару алып Құрама Штаттар жағында шайқасамын» деген сөздер бар.

Осындай сөздерден кейін, шетелдік азаматтығы бар адам қалайша Елімізге қызмет етеді, Ата заңымызды міссе тұтып, отандастарының көзіне қалай қарайды?

Мемлекеттік қызметте істеген, тәжірибелі, заңды бес саусақтай білетін, қалтасында басқа елдің төлқұжаты бар адам қай елдің сойылын соғары белгісіз.

Жоғарыда айтылғанды қорыта келе, «Ақ жол» фракциясы:

1. Мемлекеттік қызметкерлердің, билік өкілінің функцияларын жүзеге асыратын адамдардың (адвокаттардың, нотариустардың, сот орындаушылардың және т.б ), қос азаматтығы бар-жоқтығына тиісті тексеру жүргізуді;

2. Жоғарыда аталған тұлғалардың қос азаматтығы үшін қылмыстық жауапкершілікті енгізу мүмкіндігін қарастыруды;

3. Қазақстан паспортын алған кезде Қазақстан азаматының антының мәтіні мен рәсімін заңмен бекітуді;

4. Жоғарыда көрсетілген өрескел заң бұзушылыққа жол беріп қана қоймай, оған тікелей қатысқан Ақтөбе облыстық адвокаттар алқасының төрайымын лауазымынан айырып, жауапкершілікке тартуды сұраймыз.

*«Ақ жол» ҚДП фракциясының депутаттары*

# АЗАТ ПЕРУАШЕВ ӨРТ СӨНДІРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕМШІЛІКТЕРІН АТАДЫ

**Еліміздегі өрт қауіпсіздігінің жағдайы бойынша өткен «үкіметтік сағатта» Азат Перуашев шенеуніктердің өз міндеттерін орындауға «кедергі» келтіретін заңдар жөнінде берген түсіндірмелерін «сынықка сылтау» деп атады.**

«Өте маңызды әрі өзекті талқылау болып өтті. Дегенмен, кешегі «АрселорМитталда» шыққан өрт жөнінде, 50 адамның өмірін жалмаған Ақтөбедегі өртенген автобусқа қатысты жырда аяқталған сот мәселелері айтылмай, тасада қалды.

Бүгінгі әңгімеде ненің көңілімнен шықпағандығын айтқым келеді. Біз тағы да атқарушы органдардың тарапынан өздерін ақтаған «сылтауларына» куә болып отырмыз. Таяуда ғана Ұлттық экономика министрлігі Қауіпсіздік Кеңесінде Президентке тарифтік жағдай бойынша баяндап, есеп берді. Онда да заңдарды желеу етіп, олар тәртіп жүргізуге кедергі келтіріп отыр, амал нешік деген сыңай танытқан еді...



Кешіріңіз, алайда осы заң жобаларын кім енгізеді ? Кімдер әзірлейді? Сіздер, өздеріңіз емес пе едіңіздер, құрметті министрліктер, Үкіметтің атынан енгізіп, сол ұсыныстарға өздеріңіз келісімдеріңізді беріп, депутаттардың алдына келдіңіздер. Әріден соң, со кезде депутаттар тарифтер мен өрт қауіпсіздігі жағдайына қатысты біртұтас позицияларыңызға қарсылық білдіріп, пікір таластырған болатын», – деп атап өтті Перуашев.

Мәселен, «Азаматтық қорғау туралы» заң жобасын талқылау барысында депутаттардан 1,5 мыңнан астам түзетулер келіп түсті, оның 713-і қабылданды. Алайда 800-ден астам өрт қауіпсіздігін күшейтуге қатысты түзетулерді Үкімет қабылдамай тастады.

«Сондықтан да мұндай сылтауларды біз қабылдауға тиіс емеспіз, – деп түйіндеді ол, – орын алған жағдайлар үшін ІІМнің Төтенше жағдайлар жөніндегі комитеті егжей-тегжейлі жауап беруге міндетті».

Осы орайда, «Ақ жол» жетекшісі 2016 жылдың қыркүйегінде Ішкі істер министрлігіне қауіп-қатері жоғары объектілердің өрт қауіпсіздігінің қанағаттанарлықсыз жағдайы жөнінде хат жолдағанын еске салды.

Министрдің 24-қазанда берген жауабында мұндай жағдай заңнамалық реттеуде қалыптасқан ахуалға байланысты туындады делінген. Арада 2 жыл өтсе де, қайтадан бұл мәселені дәл сол себептермен түсіндіріп отыр. Олай болса, осы екі жылдың ішінде тиісті өзгертулерді әзірлеп, енгізуге болмас па еді», – деп депутат баяндамашылардың айыбын бетіне басты.

Азат Перуашев аталмыш саладағы қауіп-қатерлерді басқаруды амал-тәсілдерді қайта қарау қажет деп санайды: «Неліктен 140 мыңнан астам нысандардың бүгінде тек 20%-ға жуығы ғана мемлекеттік бақылауда, ал қалған 110 мың ғимаратқа сонда ешкім жауапты емес пе? Кемеровадағы оқиғадан кейін, сауда орталықтарын тексере бастады, жарайды делік. Бірақ, көпшіліктің жаппай жүретін жері сол жер ғана ма? Дәл қазір әріптестерім зәулім ғимараттардағы естен тандырарлық жағдайларды айтып, білім беру және ауруxана мекемелеріндегі қауіпсіздік мәселелерін тілге тиек етті...

Мүмкін, тәуекелдерді басқару жүйесінің өзін қайта қарау керек шығар: өрт қауіпсіздігі жоғары деңгейдегі нысандарға биік ғимараттар мен мектептерді қоса алғанда қандай нысандар жатқызылуы тиіс».

Фракция жетекшісі өрт сөндірушілердің қызметіне жеке тоқталды: «Біз адам өмірін құтқаратын өрт сөндірушілердің ерлігі мен қаһармандылығына еш күмәніміз жоқ – оларға басымызды иіп, тек алғысымызды білдіреміз. Мен әріптестерімнің олардың әлеуметтік пакетін кеңейту, жалақысын көтеру туралы айтқан сөздерін толығымен құптаймын.

Әйтсе де, екінші жағынан мен олардың ар жағында жасырын тұрған адамдардың да жауапкершілігі мәселесін көтергім келеді. Өйткені, шенеуніктердің деңгейінде біз көбінесе қағазбастылық пен жауапсыздықты көреміз. Есепте үш жылда 1400 адам қайтыс болды деп көрсетілген. Жаңа ғана бізге жобалаушылар мен құрылысшылардың жауапқа тартылғанын айтып отыр.

Ал, аталған нысандардағы тиісті бақылау мен өрт қауіпсіздігін деңгейін қамтамасыз ете алмаған лауазымды тұлғалардан кімдер жауапқа тартылды? Нақты статистиканы келтіріңіз, сол нысандарды қадағалап, тексерген бе, нұсқамалар жазылып берілген бе, я болмаса кінәрат-кемшіліктерді жоюға әрекеттенген бе? Сонда өрт сөндіру қызметіндегі шенеуніктерінің жауапкершілігі қайда қалды?».

Туындауы ықтимал келіспеушіліктердің алдын алып, Азат Перуашев Президенттің Жолдауынан дәйексөз келтіріп өтті: «Біз бизнеске үнемі көмектесеміз, бірақ адам, оның құқығы мен денсаулығы бәрінен маңызды. Жалпы, бизнес тек қана жеке пайдасын ойламай, мемлекетпен бірлесе отырып, біздің азаматтарымыздың қауіпсіздігі мен жайлылығын қамтамасыз етуі тиіс».

*«Ақ жол» ҚДП баспасөз қызметі*

### АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ БАУЫРЖАН БАЙБЕК МЫРЗАНЫҢ НАЗАРЫНА

# АБАЙДЫҢ ОПЕРА мен БАЛЕТКЕ ҚАНДАЙ ҚАТЫСЫ БАР?



**Бүгінде Алматы қаласы жаңаша сән-салтанат аумағына айналдырылып жатыр. Тұрғындарының да, меймандарының да көзі мен көңілін қуантатын шаһарға айналмақ. Барлық дерлік алаңдары мен даңғыл-көшелерінде жаңғырту жұмыстары қарқынды.**
**Осы ұлы қарбалас Абай даңғылын абаттауға ерекше мән берілгенін аңғартады. Әлбетте, ол – құдайдың өзі асылдарыннан құйып бере салғандай шалқар ойлы Ақынның атына сай болуын ойлағандық.**



Бұл ұтымды өзгерістерге ризашылығымды білдіре отырып айтар бірер пікірім былайша:

– Сұлу даңғылдың бас көркі болып «Абай ескерткіші» тұр. Наурызбаев Хәкімжан ағамыздың бұл тарихи тамаша туындысына көзім түскен сайын маған Абекең түп-түзу, кең даңғылын бойлай сейілдеп кең даңғылын бойлай сейілдеп кетуге қадам басқалы тұрған тәрізденеді. Сол сәтте: – Алаңында «Абай ескерткіші» тұрған республикалық Мәдениет сарайын «Абай атындағы мәдениет сарайы» десек, тымтым жарасымды болар еді! – деп ойлаймын.

Бұлай ойлағаныма бес жыл болды. Пікірімді ішімде қалдырмайтын ғадетіммен Алматы қаласының Сіздің алдыңыздағы әкімі А.Есимов мырзаға, екі газетке хат жолдадым. Өкінішке қарай, ешкімнен, ешқайдан не құптаған, не қарсы болған бір ауыз сөз естілмеді (жалпы, бізде «немкеттілік» деген сырқат бар, оған қашан ем табыларын құдай білсін).

Хаттарымда айтылғанындай, құптауға тұрарлық жәйт – Абай атындағы ғимарат, Абай ескерткіші, Абай даңғылы өзі сұранып тұрған жарасымдылық, айрықша әсем ансамбль!

Ал кейбір егде ағайындар: «Тарихы 1934-жылдан басталған театрдан бүгін Абай атын алып тастау дұрыс болмайды» деп қарсы болуы мүмкін.

Енді осы екі жәйттің соңғысын ой таразымызға тарталық. Иә, тағдыры театрмен тығыз байланысты жасы үлкен есен-сау артистер «Абай атындағы» деуді өзгертуді өрескелдік деп білер. Оларға сауалым: Абекеңнің опера мен балет өнеріне қандай қатысы болды, осы ыңғайда айтқан бір ауыз сөзі бар ма? Менінше, Абайдың атына «опера, балет» деген сөздері жанастыру ыңғайсыз-ақ!

Ал театрға Абай атын қоюға нендей себеп болып еді? Немкеттілікпен үндемей қалған, әлі де үн қосулары екіталай жұртқа жауапты өзім қайтарайын:

Мұхтар Әуезовтің либреттосы негізінде 1944-жылы Ахмет Жұбанов пен Латиф Хамиди қойған «Абай» операсының бас кейіпкері ғана болған Абекеңнің атын қою әу бастаақ қисынсыздық еді. «Әу бастам» – 1945-жылдың көктемі. Басқыншы фашизмнің мойнын үзген Ұлы Жеңіс халықтың қуанышын шексіз тасытты. Той тойға ұласып дегендей, дана ақынымыз Абай Құнанбаевтың туғанына 100 жыл толды. Сол ұланасырда республика басшыларының бірі (әлде басқа адам ба, одан дерегім жоқ) 14 жыл атсыз тұрған опера және балет театрымызға бүкілхалықтық мерейтойы кезінде Абай атын беруді ұсынды да, мақұлданды. Ішкісыртқы саясатқа қайшылығы жоқ.

Ендеше, театрдағы атын қозғамайық та, Мәдениет сарайына сұранып тұрған атын да берелік, көпсінбелік! Ал егер бір қалада Абай атындағы екі нысанның болуы әлдебір заңға томпақ десек, онда театрға қазақ операсының негізін қалаған, композиторлық өнері КСРО-дағы, көптеген шет елдегі әріптестерін тәнті еткен сазгеріміз Мұқан Төлебаевтың атын қою – бірденбір дұрыс шешім болмас па?!

Сөз ретіне қарай еске ала отыруым артық болмас бір мағлұмат: Мұқан Төлебаев кезінде Қазақ Советтік Социалистік Республикасының тұңғыш гимнінің әуенін жазды. Ғажап қуатты әуен! Ондай әуен бола қоймас. Ал сонда республиканың партия мен үкімет басшылары саясат үшін «бригадалық тәсіл» жасап, Мұқаңа Е.Брусиловский мен Л.Хамидиді қосақтай салды. Ол «құбылысты» зерттегенімде, Брусиловскийдің «Мұқан әуенінің қайырмасына бір пікір айттым» деген сөзі ғана табылды, ал Хамидидің ешқандай қатысы болмағаны анықталды. Латиф ақсақалдың: «Гимнге менің қатысым болған жоқ, тіркей салды ғой» дегені бар. Сол қиянатты ашып жазғаным нысанасына жетпеді, оң қарауға міндетті «мықтылар» немкеттілік көрпесін бүркене түсті.

Екінші пікірім (бұл да қала әкімдігіне жазбаша жеткен) – «Жібек жолы» көшеміздегі «Алматы Арбаты» деген сөз тіркесінен құтылу. Мәскеулік жазушы жолдасым ондағы «Арбат көшесі» туралы: «Сонау бір жылдары Мәскеуге әзірбайжан саудагерлер ғана келіп-кетіп жүреді екен. Арбамен. Солар өздеріне қолайлы көше бойынан үш-төрт үйді жалдап алып, жатақхана етіпті және сауданы сол көшеде жүргізіпті. Сөйтіп, сауда күшын, әзірбайжан ағайындар көбейе берген де, мәскеуліктер оларды сырттай «арбаттықтар» дейтін болыпты. «Арба» мен «ат» сөздерінен өздерінше сөзтіркес жасаған ғой. Сөйтіп, «Арбат көшесі» пайда болған» деді.

Ал оны Алматыға кім таратқанын білмеймін. Менінше, ол алаңшамызды «Суретшілер алаңы» деу жөн, себебі онда суретшілеріміздің туындылары сатылатын болғалы оншақты жыл.

Қорытындым: бұл пікірлерім орынды, Әкім Бауыржан Байбек мырза оң ұйғарым жасайды, жұртшылық құптайды деп ойлаймын.

**Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ,**
**жазушы**
*Қазақ үні*

# ПАВЛОДАР АТЫН ӨЗГЕРТУДІҢ БЕС СЕБЕБІ

**Бұл осыдан тура бір жыл бұрын жазылған еді. Көтерілген тақырып әлі күнге өзекті қалпында. Сондықтан, оқырман назарына қайталап ұсынып отырмын.**
**Әйтеуір пвлодарлықтардың бір кәдесіне жараса болғаны.**



Соңғы кезде ономастика саласында көптеген сұрақтар туындап жүр. Әсіресе, Павлодар атына байланысты айтыс-тартыс құлаққа көбірек шалынды. Әлбетте, бұл мәселелер өз шешімін табуға тиіс. Сондықтан, бүгінгі таңда Павлодар атауын өзгертуге байланысты бес маңызды себеп барын айтқым келеді. Оларды төменде келтіре кетейін.

**Бірінші.** Павлодардың қазіргі атауы оған отаршылдық кезеңде 1861 жылы 4 (16) сәуірде патшалық билік тарапынан Александр ІІ-нің дүниеге келген кенже ұлы князь Павел Александровичтің құрметіне берілген. Алайда, қазір Ресей самодержавиесі жоқ, ол тұрмақ одан кейін 70 билік құрған Кеңес өкіметі де тарих сахнасынан тайып кетті. Ал кешегі патша самодержавиесі мен бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан арасын байланыстырып тұрған ештеме жоқ.

**Екінші.** Бізбен достас мемлекет болып табылатын РФ үкіметі де жаңа қалаларына ат беруде патшалық фамилияларға басымдық бермейді. Іс жүзінде бұл да өткен шақ. Мәселен, Екатеринодар қаласының аты кезінде Краснодар деп өзгертілген. Ол кезде бұл өзгеріске ешкім ренжіген емес, бүгінгі таңда да қаланың атын қайтадан Екатеринодар деп өзгертейік деп жүрген ешкім жоқ. Бұл өмір, бұл уақыт таңдауы, бұл өз уақытының саясаты.

**Үшінші.** Мұндай саясат тәуелсіз Қазақстан үшін де маңызды. Отаршылдық дәуірді бастан кешірген кез-келген мемлекет отарсыздандыру үдерісін жүргізеді. Қазақ мемлекеттілігі де бұдан сырт қала алмайды. Қазақ мемлекеті онда тұратын барлық ұлт өкілдері үшін теңдей жағдай туғызып отыр. Ертіс өңірінде тұратын барлық диаспоралар Павлодар атын өзгерту мәселесіне түсіністікпен қарайды. Ал орыс диаспорасы болса Павлодар атын өзгерту бұл орыссыздандыру емес, елді отарлық кезең қалдықтарынан арылтатын отарсыздандыруға бастайтын қадам екендігін түсінуге тиісті.

**Төртінші.** Енді нақты Павелге – Александр ІІ-нің Павлодарға аты берілген кенже ұлына тоқталайық. Павел империяда ешқандай жауапты қызмет атқармаған. Ол саясаттан алыс, қатынқұмар жан болатын. Ол майдандарда ешқандай ерлік жасаған емес. Зор мүмкіндіктері бола тұра өзінің аты берілген қалаға еш көмек көрсетпеген. Бірде бір мектеп, бірде бір храм салдыртпапты. Қалтасынан көк тиын жұмсамаған. Тіпті, өмірінде Павлодарға бірде-бір рет келіп көрмепті. Сол кездегі патшалық Ресейдің қаржы министрі С.Ю.Виттенің айтуына қарағанда, Павел Александрович «жаман адам емес еді, бірақ мүлде байғұс жан болатын». Ол 1902 жылы өзіне бағыныштыгвардия полковнигі Эрих фон Пистолькорстің ажырасқан әйелімен морганикалық некеге тұрғаны үшін күллі патшалық артықшылықтарынан, таққа мұрагерлік құқықтарынан түгелдей айырылған болатын. Патша отбасының масқара болған осы сияқты ұрпағына Қазақстан түгілі Ресейде қазір қала атын беру мүмкін бе?

**Бесінші.** Қазақ халқы да, қазақ мемлекеттілігі де Павел Александровичті өлтіруге заң жүзінде де, моральдық тұрғыдан да жауапты болған емес. Оны 1919 жылы 30-қаңтарда таңғы сағат үште Петропавловск бекінісінде Благовидов пен Соловьев деген орыс солдаттары атып өлтірген. Яғни, Қазақстанның мемлекет құраушы ұлты мен жергілікті билік орындары Павлодар атын өзгертпейміз деп ешкімнің алдында мойнына алған міндеттемесі тағы жоқ.

Сондықтан, жоғарыда келтірілген жайттар негізінде Павлодар облыстық мәслихаты таяу арада Павлодар қаласының атауын Керекуге ауыстыру жөнінде шешім қабылдауы қажет.

**Марат ТОҚАШБАЕВ**
*Қазақ үні*

**Ұялу үшін ұят болуы керек. Бұл сөз жер-жерде Ленин комсомолының 100 жылдығын тойлап жатқандарға арналады. Мен 1993 жылы «Ақиқат» журналында «Жаттап өскен қағида жалған екен» (В.И. Лениннің «Жастар одағының міндеттері» атты еңбегін қайта оқығанда) деген мақала жариялап едім. Мұнда Лениннің 1920 жылғы 2 қазандағы комсомолдардың ІІІ-съезіндегі сөйлеген сөзін нысанаға алып пікірімді білдірген болатынмын. Бүгінде осы мақаламды қайта оқысам, ескірмепті, керісінше, жастардың, көпшіліктің қайта танысуы қажет екен. Сол себепті осы мақаланы «Қазақ үні» газеті мен сайтына ұсынып, қайта жариялауды құба-құп санадым.**




# ЖАТТАП ӨСКЕН ҚАҒИДА ЖАЛҒАН ЕКЕН

## (В.И. Лениннің «Жастар одағының міндеттері» атты еңбегін қайта оқығанда)

Мораль. Адамгершілік заңдылықтарын зерттейтін осы бір білім саласын Еуропада этика десе, Шәкәрім қазақшалап «Ар білімі» деген екен.

Кеңес өкіметі мен коммунистік партия өктемдік құрып тұрған заманда бұл мәселе жөнінде көптеген кітаптар жазылып, зерттеулер жасалды. Оның бәрінде пролетариаттың ұлы көсемі мораль мәселесінде судан таза, сүттен ақ болып көрсетілді, жазылды, баяндалды.

Әрине, Лениннің мораль мәселесіндегі қайшылығын сол кезде танымаған ешкім болған жоқ деуге аузымыз бармайды. Зиялы қауымның бәрі Ленин туралы шындықты әлдеқашан білетін. Бірақ, көсем туралы ғайбат сөз айтуға тыйым салған. Ол туралы қағида біреу-ақ, Ленин – данышпан. Бар мақсат оның данышпандығын дәріптеу еді.

Көпшілікке аян Ленин-Ульянов өзінің көздеген мақсатына жету үшін аянбай еңбек еткен адам. Лениннің қазір жарыққа шыққан шығармаларының ұзын саны 55 том, демек, оның мораль хақындағы барлық пікіріне біз талдау жасай алмаймыз. Бұл мәселе туралы оның арнайы жазған еңбегі бар, соған тоқталайық, ол 1920 жылғы 2-қазандағы «Жастар Одағының міндеттері» деп аталатын комсомолдардың ІІІ-съезіндегі сөйлеген сөзі.

Кейінірек, бұл сөз тасқа басылып, ел ішіне өте кеңінен таратылды. Оны білу әрбір пионерге, комсомол мүшесіне, студентке міндет болатын.

Миллиондаған адамдар жаттап өскен осы еңбекте Ленин мораль проблемасын егжей-тегжей түсіндірген. Ол жастарды коммунистік мораль рухына тәрбиелеуді жастар одағының ең басты міндеттерінің бірі деп санаған.

Сонда коммунистік мораль деген не? Бұл сұраққа өте тиянақты жауап берген ол Маркс іліміне сүйене отырып, екі нәрсені басшылыққа алған. Бірі моральға таптық тұрғыдан келу де, екіншісі моральды жеке адамның қасиетінен тыс белгілі бір тапқа дәлме-дәл келетін саяси принцип ретінде пайымдау. Бұл тұрғыда мораль өзінің бастапқы мәнінен айрылып, саяси феноменге айналған. Сондықтан, Лениннің моральды саяси тұрғыда түсіндіргеніне таңдануға болмас. Себебі, адамдарды таптық қасиеттерімен бөлшектеген кезде, сөзсіз, бірінші орынға саясат шығып, ол адам, қоғам болмысына өз билігін жүргізе бастайды.

Ленин моральға осы тұрғыдан келген. Сондықтан, ол моральды буржуазиялық және коммунистік (пролетарлық) деп бөлшектеген. Ол буржуазиялық моральды жоққа шығарады. Дәлелі, ол құдайға сенуге, адамды қанауға негізделген. «Біз, – дейді Ленин, – құдайға сенбейміз, қанауға жол бермейміз». Ленин буржуазиялық моральды жоққа шығара берсін, онысы мүмкін дұрыс, мүмкін теріс. Ол өз алдына бөлек әңгіме. Бұл мәселені аттап өткелі отырғанымыз, оның қазақтар үшін қажеті шамалы, бізде буржуазия деген тап болмаған, олай болса ондай мораль да болмаған. Жоқ нәрсені жоққа шығару бос әурешілік.

Менің айтпағым, Лениннің «біз құдайға сенбейміз» деп діни моральды үзілді-кесілді теріске шығарғаны туралы.

Жалпы біз құдайға сенбейміз деп жария ету көне тәсіл. Бағзы заманда дүниеге христиан діні келгенде, оның идеологтері де осыны айтқан. Дінсіздер қатаң жазаланған. Енді осы тәсілді большевизм идеологі Ленин қайталап отыр. Бұрын дінсіздер, кәпірлер моралі жоққа шығарылса, енді сенушілер моралі терістеліп отыр.

Осы арада бір ғана мәселе еске мүлдем алынбай, ескерілмей тұр. Адам атеист болсын, діндәр христиан, мұсылман болсын, қысқасы, қандай болсын дінге сенсін-сенбесін, бәрібір адам. Африканың кейбір тайпаларына Христан, Ислам, Будда діндерінің ықпалы болмаған, бірақ ондағылар адам болып өмір сүріп жатыр. Сонда олардың моралінің өлшемі не болмақ? Лениннің айтуынша, оларды құдай жолына түсірмеу керек, сонда дұрыс адамгершілік болмақ. Жаман айтпай, жақсы жоқ, егер құдай жолына түсіп кетсе, онда оларда татымды адамгершілік болмағаны. Бұл адамзат баласының ғасырлар бойы тәжірибесінен қорытып шығарған ақыл-санасымен қиюласпайтын түсінік.

Адамның өлшемі адам деп көне гректер айтқандай, адамның дініне, тіліне, түсіне, байлығына қарамай оны табиғаттың өте озық жемісі, нәтижесі деп қарайтын ілім бар, оның аты – гуманизм. Адамның өлшемі – адам дегенді айтып отырғанымыз осы гуманизмді мойындағандық: Ленин сияқты адамды құдайға (қай дінге болмасын) сенеді екенсің деп, оның адамгершілігін жоққа шығаруға болмайды. Онда жаңаша ешнәрсе ойлап таппағанымыз. Ортодоксиялық діндәрлар мақсаты халықты «кәпірлер» және «мұсылмандар», «шоқынғандар» және «шоқынбағандар» деп бөліп, бір-бірімен қырылыстыру.

Неге дінге сенген адамда татымды адамгершілік қасиеттер болмасқа? Неге құдайға сенген адамды теріске шығаруымыз керек? Мақсат неде? Бұл жерде мынандай мән бар. Большевизм шын мәнінде ешқандай өзгеше тың идеология емес, ол да жаңа дін, жаңа діни идеология. Дәстүрлі діни идеологиядан айырмасы құдайды жоққа шығару. Бұл құдайсыз дін, тобырдың діні. Бірақ бұлайша іс өнбейтінін большевиктер өкімет билігін жеңіп алған соң бірден ұқты. Құдайдың орнын толтыру қажет болды. Сонда большевиктік үгіт және насихат күшейтілді. Ленин құдай орнына пролетариат көсемі Маркстi итермеледі, Сталин болса Ленин өлісімен, одан жаңа құдай жасауға тырысып бақты, мақсатына жетті. Ленин беделі осы жетпіс жыл ішінде бұрынғы өткен пайғамбарлардан әлдеқайда асып түсті. Егер Ленин кезінде құдайға сенуді түп-тамырымен жоймағанда мұндай жеңіске жету мүмкін еместі. Осындай саяси идеологиялық күрес заманында гуманизм шаңға көміліп қала берді.

Бүгін ойлап отырсақ, қарапайым адамдардың құдайға сенгені не, болмаса Ленинге сеніп ергені не? Олар не ұтты? Ештеме ұтқан жоқ, бастары азан-қазан далбаса ойларға толды. Дұрысы қайсы, терісі қайсы, әлі анықталмаған күдік. Біреулер Ленинді жер-көкке сыйғызбайды, біреулер бар пәлені содан көреді. Мұның бәрі ертеңақ орнына түсер сөздер, ойлар. Мәселе онда емес, әңгіме жалған дінге (большевизмді айтамын) еріп қырылған халық, бүгінгі тауқыметті тұрмыс, жол таппай дағдарысқа түскен ел басшылары. Осының бәріне кім және кімдер кінәлі?

Жаңа адамгершілік туралы айтқанда Ленин ескі мораль жоғарыда айтылғандай, құдайға сенуге, әрі қанауға негізделген деген дәлелдер келтірген. Қанау болу үшін Ленин айтқандай, буржуазия және пролетариат болуы керек еді. Олар қазақта болмаған. Тіптен, Қазақстанда феодализм болмаған (Ғарифолла Есім. Сана болмысы. 1-кітап, екінші басылым. 79-б.).

Тағы да әңгіме жоқ нәрсе туралы болып отыр. Қанау болмаса Қазақстанда тап күресі қайдан келген. 1926-27 жылдан басталып байларды тәркілеп, күштеп коллективтендіру жүргізген жылдарға шейінгі Қазақстандағы қан-төгіс соғыстар, қақтығыстар мазмұны таптық емес, ұлт-азаттық қозғалыс болатын. Сол кездегі бандылар, басмашылар деп жүргеніміздің дені ұлт-азаттық қозғалыстың қаһармандары.

Ғайса кім деп сұрақ беріп, оған жауап табылмай, осы күндегідей ол кезде де адасушылық, ұдайұдай пікірлер молынан болды. Сондықтан, қазақ азаматтарының кейбір әрекеттері бізге бүгінгі күн көзімен қарағанда оғаш болуы да заңды.

Қазақстан жағдайында тап күресіне негізделген адамгершілік шындыққа қабыспайтын қағида. Бұл адамгершілік емес,



көпе-көрінеу жасалған зорлық тап күресі жоқ елден тап жауын табу керек болды. Ол жоспарланды, орындамасаң қатаң революция заңымен жазаланасын. Міне, осындай жағдайда қазақ халқының ғасырлар бойы іріктеліп, сұрыпталып келген адамгершілік жүйесінің быт-шыты шықты. Пролетариаттың тап күресінің мүддесіне сай адамгершілік қалыптастыру ісіне ұлт большевиктері бел шешіп кірісті. Бұл ұлы адасу болатын. Жоқ нәрсені бар деп, бар нәрсені жоққа шығарып, қосақ ортасында қазақ халқы кете барды.

Адамгершіліктің өлшемі – пролетариаттың тап күресіне сай келетін мүдде. Демек, пролетариаттың тап күресіне қарсы күштердің адамгершілігі қабылданбайды, олардың адам екені ескерілмейді. Оларды сондықтан, тап жауы ретінде жою міндеті қойылды.

Бұл гуманизмге қарама-қарсы қанішерлер қағидасы. Бір тап бақытты болуы үшін қарсы тапты құрту керек. Мәселені өзгеше қоюға болмас па еді? Ешкімді жоймай, бүкіл халықты азат етсе ше? Онда Маркс, Ленин ілімінің еш қажеті болмас еді. Себебі, бұл ілім қарама-қарсы күштердің ымыраға, мәмілеге келуі емес, олардың бірін-бірі жоюына бағытталған. Бұл тәсілді Маркс революция деп атаған, кейін Ленин социалистік революция деп толықтырған.

Ресейде болған революцияға жауап бере алмаймын, ал Қазақстанда социалистік революция дегеніміз Люмпендер, Мырқымбайлар, Шоқпыттар революциясы болды. Олар ешқашан төңкеріс жасауға даяр емес күштер еді, оларды зорлап атқа мінгізіп, қолына қару беріп, есін шығарып, есірік еткен большевиктер болатын. Сөйтіп кедейлер, люмпендер төңкерісі мақсатына жетті. Бүкіл қазақ кедей болып өмір сүріп келді. Осы халімізді енді-енді түсіне бастадық.

Лениннің пролетариаттық тап күресіне сай келетін моралі (адамгершілігі) негізінен кекке негізделген. Өзінде жоқты өзгеден тартып алуға құрылған идеология, әрине, гуманизмнен тыс.

Өзінде жоқты өзгеден тартып алып, барша жұртқа бөліп беріп отыру социализм заманында жатып-ішер жалқаулыққа, арамтамақтыққа, паракорлыққа, әкімшілдікке жеткізді. Бұл жерде ескерілмеген проблема байлықты жасаудың тәсілі. «Мал – байдікі, жан құдайдікі» деген қазақ люмпенінің, яғни сіңірі шыққан жалқау, кедейдің мораліне (дүниетанымына) мүмкіндігінше жол ашылды.

Пролетариат моралі ұлттық дамуға орасан зор тежеуші күш болған. Оны зорлап Қазақстанға енгізген лениншілдер халқымызды ондаған жылдарға кейін шегіндіріп тастады. Халықтың дүниетанымы азып-тозды. Бір ұлт екіге бөлінді. Бірі жалған утопиядан шыға алмай Ленин бабасының соңынан еруде, екіншісі, ұлттық дамудың объективтік заңдылығы туралы толғанып, қазақты адасқан жолдан алып шығуға тырысуда. Бірақ, Абай айтқан адасқан көптің атының басын бұратын ерлер аздау екенін мойындамасқа болмас.

Пролетариат көсемі айтқан мораль туралы түсінік санамызға сіңіп өзгеше ойлауды дұшпандық деп қабылдау әдетке айналған. Осы әдеттен туыстарымыздың біршамасы шыға алмай отырғанына қынжыласың.

Лениннің ар білімі (мораль, этика) туралы айтқан ойлары адам баласын бір-біріне жауықтырып, екі қарама-қарсы лагерьге бөлу. Күні кешегі бүкіл әлем халықтарының капиталистік және социалистік болып бөлінгені осындай саяси әрекеттің нәтижесі.

Қазір ойланып отырсақ, әлем халықтарының осылай бөлінуінің объективтік негізі бар. Ол шын мәнінде бай елдер мен кедей елдер арасындағы түсінбестік. «Бай» және «кедей» деген ұғымдар таптық сипаттан әрбіп, бүкіл халықтың бітім-болмысын білдіретін ұғымға айналған. Мысалы, капитализмде өмір сүріп жатқан ағылшын, неміс, француз, жапон т.б. байлар, ал социализмде өмір сүрген қазақтар, қырғыздар, орыстар, поляктар т.б. кедейлер болғаны анық.

Сондықтан, Лениннің айтып отырған пролетарлық коммунистік моралі кедейлердің дүниетанымына лайықталып, өлшеніп-пішілген кереғар, қолдан жасалған жалған қағида.

Мораль адамға ортақ. Ол қандай халық өкілі болсын, бәріне қатаң моральдық детерминизм бар. Олардың көріну формалары ерекше сипатта, ұлттық мінезбен өрнектелінуі, салт-дәстүрде нақтылануы тағы да заңды.

Аристотель адам болмысын анықтай келе, оны қоғамдық жануар деп еді, осы рас. Адам болмысы қоғамда. Бірақ ол саяси жануар емес. Саясат өте құбылмалы құбылыс. Ол ұстараның екі жүзі тәріздес. Кімдердің қолына түссе, соған орай қызмет етеді. Кезінде саясат большевиктер қолына мықтап түсті. Ұстара-саясат оңдысолды қырғын салды. Бұл моральға жат еді. Оны анықтау үшін Ленин моральды таптық тұрғыда ғана (яғни тек саяси мәнде) түсіндіріп, халықты адастырды. Мораль тек саясат арқылы анықталмақ емес. Айталық, осыдан екі мың жыл бұрынғы мораль бүгінгі күні өте түбегейлі өзгеріске түсті деп айта алмаймын. Екі мың жыл ішінде адам табиғаты көп өзгерген жоқ. Оған әлем халқының жартысына жуығы Христиан дінінде болып, олардың екі мың жыл бұрын Ғайса жазды деген діни қағидаларға табынуы дәлел. Немесе алты жүз жыл кейін дүниеге келген мұсылмандық туралы айтсақ, Құран сөзі, пайғамбар хадисінен мораль туралы дәл бүгінгі күнге қажет қағидалар тауып, соған таңданып жатқанымызды қайда қоямыз. Одан бертінгі адам табиғаты ілгері дамып, діни сананы теріске шығара алмағандығы, тіптен дінді мүлдем тәркілеген елдердің халі мүшкіл болғанын қайда қоямыз?

Ленин діни мораль мен пролетарлық моральды бір-біріне қарсы қойып, саясат жүргізген. Ол өз жемісін берді. КСРО-деп аталған телегей теңіз мемлекет дінсіздер, құдайсыздар елі болды. Бірақ, одан өнімді іс шықпады. Асылы, мораль мен дінді бір-біріне қарсы қоюдан дұрыс іс шықпайды. Себебі, мораль өз даму барысында дінді (діндерді) қажет еткен, туғызған. Дін моральдың бір көріну формасы. Бірақ, мораль діндік деңгейде ешқашан қалмақ емес, ол өсіп, өзгере беретін адамның асыл қасиеттерінің жиынтығы. Сондықтан, адамның дамуына құрсау құру гуманизм принциптеріне жат болғандықтан, Лениннің коммунистік мораль туралы айтқан ойларына бүгінде сын көзбен қарап, санамызды саралайық демекпін.

**Ғарифолла ЕСІМ,**
*Қазақ үні*

■ КӨЗҚАРАС

# ДІНШІЛДІК пен ДҮМШЕЛІК

**Арабтар құдайды «Аллаһ» деп танығанымен, оны құдайдың «шын аты» деп тану – барып тұрған надандық. Ұлы Жаратушының «ұлты» жоқ... Оны мұндай нәрсеге – бір ұлтқа «байлап қоюға» болмайды. Тәңір Тағаланың басқа да мыңдаған мүбәрак есімі бар. Әр халық оны өзінше ұлықтайды. Мысалы, бізді орыстар «казах», өзбектер «қозоқ», қытайлар «хазақы» деп атайды. Одан біз өзгеріп (суть не меняется) кетпейміз. Кім қалай десе де, қазаққа қарата айтып тұрғанын бәрі де түсінеді. Кім бізді қалай атаса да ризамыз. Алла да риза. Жоқ жерден жік шығарып, жөнсіз өкпелеп жүрген сіздер ғана.**



Құранда «білімді мен надан адамның тең болмайтынын» бекер меңземеген. Жаратушыны «Аллаһ» деп атаған арабтың діни танымын қазаққа әкеп таңғысы келетіндер кейде өздерін құдайтанудың ғұламалары секілді сезініп кететін сияқты. Араб халқы «Аллаһ» деп атаған құдіретті қазақ кейін «Алла» деп өзінше таныды. Оған сол құдыреттің өзі емес, мәселенің байыбына бара алмаған қайдағы бір құлдары шамданып жатқаны сырт көзге қызық көрінеді екен... Дінге енді бет бұрған бауырларымыз «сүннет» деген сөзді тым тар мағынада түсінеді де, сол түсінігін қоғамға әкеп таңғысы келеді. Соның кесірінен арабқа ғана жарасатын кейбір нәрселер мен солардың кей дәстүрі «сүннет» деген шаблонмен қазақтың арасына да сіңіп барады. Мысалы, біз түйені арабтар секілді «бітеу» асқандай қылып дастарханға тарта алмаймыз. Қанша жерден сүннет болса да, басқа тамақ құрып қалғандай саранчаны да (ал егер басқа тамақ табылмаса, шегірткені жеуіңе болады, өйткені, оған дінде «халал» деп қарайды) жей алмайды екенбіз. Ал арабтар оны жақсы көреді. Пайғамбарымыз да оны жеген. Бірақ ол осындай кейбір мәселеде үнсіз қалып, кейбір даулы мәселеде шегінген, елді сабырға шақырып, дінге кайшы келмейтін дүниелерді шариғаттың шеңберіне енгізіп те жіберетін. Ал біздің максималистер «сүннет» деген сөзді қазір шектеулі шеңберде қабылдап, оның осындай гуманистік қырына, дінді таратуға бағытталған миссиясына қолдан кедергі жасап, оған қиянат қылғандай болып жүр. Бір-біріне «ахи», «ухти» дейтіндердің қылығы да тура осындай сүннетті дұрыс түсінбеуден туған «бидғат». Пайғамбарымыз бен оның ізін басқан сахабалар бір-біріне бұлай демеген. Қазір олар «сүннет» деген ұғымға бір ракурстан ғана қарап, білімі жоқтықтан келесі жағын «талақ» қылып тастап жатыр. Ақыл айтатын қария болмағаннан кейін олар кейде сол абыз ақсақалдардың орнын басқысы келіп жүргендей болып та көрініп кетеді. Киімге қатысты да дәл осындай жағдай. Сүннет деп жазды күні «арабша» киініп алады да, қыстың қақаған аязында әлгі киімді уақытша «талақ» етіп тастайды. Әйтпесе суықта қатып өледі ғой. Осындай ревизионистік көзқарастың астарына үңілсең, нағыз сүннетке жататын киім – өз ортаңдағы көпшілік киетін киім болып шығады екен. Кәстүм-шалбар да тура сондай «сүннеттің» киімі. Өйткені, бізде халықтың көбі солай киінеді. Пайғамбарымыздың (с.а.с) егер көзі тірі болса, дәл солай киінуге шақырып, діннің сыртқы формасына емес, ішкі мағынасына (таухидқа) көбірек мән беру керектігін ескертіп айтатын еді. Ал шариғатты тар шеңберде ғана түсініп жүрген мұндай «сүннетшіл» бауырларымыздың қылығы «өзің диуанасың, кімге пір боласың?!» дегеннің кері сияқты ғана болып, елді өзінің ата-бабасы ұстанған төл дінінен үркітіп жіберіп жатыр. Сосын тағы бір айтатын нәрсе: намазда (әттахиятта) кейбір бауырлар сұқ саусағын қимылдатып (көтеріп) отырады. Онысы сырттай өзінше мұсылман екеніне қайтара куәлік беріп жатқандай болып көрінеді екен. Пайғамбарымызды дәл өстіп отырған күйде көз алдыма елестете алмадым. Ол ондай «куәлікке» мұқтаж да емес екенін санасында саңылауы бар адам түсінеді. Намазда саусағын, бәшпайын қимылдатып (бәшпайды қимылдатпайды) отырған адамның қылығы сырт көзге сұмдық ерсі болып көрініп, қасындағылардың ойын бөледі. Алланың алдында адам құл құсап тып-тыныш отыруы тиіс сияқты еді, кейбіреуінің намазда осындай «басы артық» қимылдар жасайтыны қызық. Ахилардың біреуінен өткенде: «Бауырым, намазда неге осылай істейсің?» деп әдейілеп сұрасам, «сұқ саусағыңды көтергенде, шайтанның басынан күрзімен ұрғандай боласың» деген сыңайда жауап берді. «Сонда сен саусағыңды қимылдата берсең, шайтанның басынан тоқтамай ұрғандай боласың ба?» деп едім, кекесінді байқап қалды ма, әлгі жігіт намаз басталғанын сылтауратып, жауаптан жалтарып кетті. Діндес бауырлардың осындай диалогтан қашатыны да қызық. Пайғамбарымыздан жеткен ондай «сахих хадисты» да еш жерден оқымаппын. Мүмкін мен оны байқамай жүрген шығармын, болса маған көрсетіңдерші. Ата-бабаларымыздың бәрі намазда еш жерін қимылдатпай, тып-тыныш қана ұйып отыратын. Бұл «бидғат» дәл сол тоқсаныншы жылдары келді. «Тоқсаныншы жылдары бізге дін емес, әртүрлі ағымдар келді» деп дұрыс айтады. Әйтпесе, бізден 200 жылдай бұрын өмір сүрген ертедегі сол қазақтар пайғамбарымыздың дәуіріне жақын өмір сүрген нағыз замандастары еді ғой. Пайғамбарымыз да «Араларында бір бүлік шықса, көпшілікпен бірге болыңдар» деген. Сондықтан, жоқ жерден «фитна» шығара бермей, не болса да көппен бірге «адасқаның» жақсы.

Орамал мәселесі де кейінгі кезде үлкен дауға айналды. Орамал (жаулық) мәселесінде мектеп ұжымы мен ата-аналардың екеуінде де кінә бар! Намаз оқитын ата-аналар бірінші (бастауыш) сыныпқа баратын қыздарына жоқ жерден проблема жасап, орамал тағып қояды. Бірінші сыныптағы бүлдіршінге орамалдың не керегі бар? Ол медресеге бара жатқан жоқ, діни білім алу үшін бара жатқан жоқ. Олар бұл жерде мектептегі зайырлы қоғамның талабын сыйлауы керек. 6-7 жаста қыздарыңды қымтаңдар дейтін талап шариғатта тағы жоқ. Әбден қартайған кәрі кемпірге (оларға орамал тақпаса да болады) қандай талап қойылса, кішкентай қыздарға да тура сондай талап қойылады шариғатта. Өйткені, екеуі де нәпсінің көзімен қарайтын жаста емес.

Мектеп ұжымы да қатып қалған бір атеистік сарындағы принципті ұстанып алған. Қарап отырсаң, оқушы қыздың етеккірі 7-8 кластан бастап келе бастайды екен. Бәлиғат жасы дегеніміз де осы. Орамалды осы кезден бастап тақтыру керек. Алла Тағала адам баласын жаратқан кезде, оның барлық физиологиялық ерекшелігін білгеннен кейін қыздарға қымтануды бұйырды ғой. Бірақ, біздің шенділер де шетінен қасарысып қалған, қызық. Оқушылар Алланың бұйрығын емес, әлі де атеизмнің айтқанымен жүрген солардың сөзін тыңдауы керек пе сонда? Бұл жерде бір компромис (ымыраға келу) керек. Ол компромис – оқушыларға 8-ші сыныптан бастап орамал тартуға рұқсат беру. Қазір бізде орамалдың (жаулықтың) төңірегіндегі дау – діншілдер мен дінсіздердің айтысына ұқсап бара жатыр...

**Жолымбет МӘКІШ**

№45 (811), 19 қараша, 2018

ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

# Қаламгердің

## *Көрнекті жазушы Эрнест Төреханмен сыр-сұхбат*



**ӨМІРДЕРЕК**

*Эрнест Төреханов 1943 жылы 12 қарашада Алматы облысының Кеген ауданындағы Жалаңаш ауылында туған. 1960-1962 жылдары «Алматы жилстрой» трестінде құрылысшы болып жұмыс істеген. 1962 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің орыс филология факультетіне түскен. 1963-1966 жылдары әскер қатарында болды. Одан оралған соң оқуын сырттай жалғастырып, «Лениншіл жас» («Жас Алаш») газетінде корректор, әдеби қызметкер, жауапты хатшының орынбасары, бөлім меңгерушісі болған. Маңғышлақ, Торғай облыстары ашылғанда өз еркімен Маңғыстауға қоныс аударып, мұнайшылар мен кеншілер (уран кеншілері) өмірімен жете танысты. Ұзақ жылдар «Жазушы», «Жалын» баспаларында, «Қазақфильм» киностудиясында жұмыс істеді. «Наука и высшая школа Казахстана» газетінің бас редакторы болған. 1990 жылы Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының вице-президенті, осы қоғамның «Ақ Жарық» – «Белый Свет» атты газетінің бас редакторы қызметін атқарған. Кейін «Ұлы дала» газетінің бас редакторы болды.*

*Жазушының алғашқы кітабы – «Хантәңірі» (әңгімелер) 1978 жарыққа шықты. Одан соң «Алтын шеңбер» (1982, повестер мен әңгімелер), «Таудан түскен із» (1983, повестер), «Ер кезегі» (1984, роман және повесть), «Алыстағы ақ қала» (1987, роман), «Ескендір мен Роксана» (роман), «Алматыда күн ашық» (роман-дилогия. 2008, 2018ж.ж.), «Мәңгіліктен бір үзік» (фантасмагория) кітаптары жарық көрді, «Ойлануға жеті күн» атты киносценарийі қабылданды.*

*1982 жылы «Таудан түскен із» повесі республикалық жастар конкурсының («Жалын») жеңімпазы атанды. «Алыстағы ақ қала» романы үшін Мұхтар Әуезов атындағы сыйлыққа ие болды. Сондай-ақ қаламгер қолынан «Алматыда күн ашық» роман-дилогиясы (2008 ж.), «Мәңгіліктен бір үзік» фантасмагориясы туды.*

*Ол Қазақстан Республикасының бірнеше медальдарымен және «Қазақ тілі» қоғамының «Қазақ тілінің қаһарманы» алтын медалімен марапатталған.*

– Бір арбаға жегілген пар аттай Құдай қосқан қосағым екеуміз алды – қырықтан, екіншісі отызды орталаған бір қыз, бір ұлымызды балаларымен қосып, негізінен, зейнетақымен асырап отырмыз. Мен балаларыма кінә қоя алмаймын. Қызым – магистр, ұлым – ҚазАТК-ны бітіріп, теміржолға орналаса алмады. Оған ұзын арқан, кең тұсаумен бір жарым жыл уақыты кетті. Содан арасында достарымен бірге кез-келген жұмысқа барып, татымсыз табыс тауып жүрді. Солай құрылысқа бейімделіп, сварка, кірпіш қалау, арматура тоқу, т.б. үйреніп алды. Сондықтан, Сәулет және құрылыс институтының үшінші курсына барып жаңа оқуын бастаған. Қазір бесінші курста. «Райымбек» көшесінен сәл жоғары, «Гайдар» көшесінде жаңа типті балабақша тұр. Сол нысан – баламның бастан-аяқ басқарып, салып шыққан ғимараты. Оны Үкімет басшысы келіп, лентасын қиды. Тапсырыс берушілер басында уәдені көпіртіп, шартқа қол қойғанмен, үнемі жұмыс енді қызғанда қаржыландыруды тоқтатып қояды. Жұмысын өзгертіп қашып жоғалатындар қаншама?! Балам да, достары да жас отбасылар. Жаңа бастыққа барса ол міз бақпай: шартта кімнің қолы тұр? Соны іздеңдер деп адастырып қоя береді. Ал біткен істен кемшілік іздеп, еңбекақыларын төлемеуге тырысатындарға да не сөз, не уәж, не заң жүрмейді. Жетпістің бесіне келіп, аяқ, буындар, «подагра» дейтін кеселге тап болғанда, 1980 жылдан жалғыз бүйрекпен ілініп қана жүргенде балалар көріп жатқан қорлыққа кірісе алмай, өз қатарымның бәрі қызметтен кетіп, сөйлесерге адам таппай отырғанымыз Шолпан екеуміздi өмірден түңілуге дейін апарады. Өзі Алматыда үш мектепте мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі, мектеп директоры болып, зейнетке шыққан адам ғой. Екі категорияға жататын аса қиын ауру – диабетімен, алыса жүріп, немерелерімен айналысады, солар оның қара санаға ұрынбауына себепші ғой болар деп ойлаймын. Шолпанның әкесі Петропавлда «Ленин туы» газетінде шамалы уақыт редактор болған, Н.Хрущев қазақ газеттерін жауып тастағанда совхозда парткомдық жұмыс атқарыпты. Газет қайта ашылғанда редактордың орынбасары болып, зейнетке шыққан. Қайын атам неміс-фашистер жеңілген соң Жапон соғысына қатысқан, ұзын-ырғасы жеті жылдай майданда болған адам еді. Арақ-шарап, темекі, даңғаза өмірге жоқ, алты баласы – төрт ұлы, екі қызын асырауды ғана ойлаған, балаларын өте тәртіпті, ізетті кітапқұмар етіп өсірген екен. Сондықтан, елу жылдық алтын тойға аяңдап келе жатқан қосағым мені қорғаштап жүреді, мен де Құдайдың берген жасын осы адамның жанында өткерсем деп Жаратушымнан сұраймын. Лайым, солай болғай. Жас келгенде өз өмірің жайына қалып, бала-шағаның қамын ойлауға көшеді екенсің...

Құран-Кәрімде айтылғандай, шындықты айтуға міндетті болғанда асыраңды баланың өз әкесінің атын ашық айтуға тура келеді. Ақиқатын айтайын, Төрехан Жұмаділов – менің туған нағашым. Ол кісі соғыс басталмай тұрып Қызыл Армияға шақырылған. Иркутскіде оқып,офицер атанғанда соғыс басталған Неміс-фашистерінің алдын тосқан, солармен кескілескен шайқаста Петрозаводск маңында қаза тапса керек. Өйткені, «қара қағаз» күні бүгінге дейін жоқ. Іздеуден жалықпадық. Соғыс министрлігінен, архивтерден мардымды жауап келе қоймады.

Менің өз әкем – Батхолда Сәбитов деген кісі соғысқа бармаған. Кеген аудандық атқару комитетінің төрағасы қызметін атқарып, майданға азық-түлік, халқымен бірге киім-кешек тігіп, тоқып, пима басып, ел-жұртының аштыққа ұрынбауына еңбек еткен. Өз заманындағы сауатты әрі жаман орысшасы да бар елге керек кадр болыпты. Анам – Нұрипа Жұмаділқызы әкемнен он жас кіші еді. Осы аталған марқұмдардың бәрі қазіргі Панфилов ауданы, Жаркенттен Кеген ауылына ауып келген екен. Оған себепші әкемнің анасы Гүлғайша апам да, анамның анасы Бибісара апам да тарихтағы Тезек төренің шөберелері; Қырғызбай, Балқан төрелердің қыздары. Жәркенттегі атақты мешітті аласапыран заманда Бибісара апамның ағасы Ақмолда деген кісі ұстап тұрыпты. Өз сөзіне де, дініне де берік адам мешітті жап дегендерден, өртейміз деп қоқан-лоққы жасағандардан өзінің мәмілегерлік қасиетімен ұзақ жылдар имамдық еткен. Бәрі бір елден жасқанған орыс офицерлері Ақмолданы өз үйінің төбесінде етпеттеп бұғынып жатқан жерінде атып өлтіреді. Енді сол кісіге қатысты туыс адамдарға тықыр таянғанда бәрі түн жамылып, Кеген-Жалаңашты бетке алады.

Мен – Батхолда мен Нұрипаның екінші перзентімін. Мен дүние есігін ашқанда Бибісара апам күйеубаласы мен қызына қолқа салады. «Құдайға шүкір, тұңғыштарың тәй-тәй басып жүр. Бастарың жас. Әлі де балалы боласыңдар. Ал мына нәрестені маған беріңдер. Төреханнан күдер үздік. Бірақ ол қандай адам еді! Мына баланы Төреханның атына жазып, куәлігін өзіме тапсырыңдар». Шешем ләм-мим демей тұрып қалады. Әкем: «Апа, айтқаныңыз болады. Ертең-ақ куәлігін қолыңызға тигіземін. Ал есімін қою үшін кімдерді шақырасыз? Конюх бала қазір бәрін шанаға салып осында әкеледі!» – депті. Сол «экспромтпен» жасалған шілдеханада ауданның бірінші хатшысы Мәжитов Исламиден, мектеп директоры – Батхолладан кейінгі қарындасы Сараны алған күйеу Әбсейіт Ешмұхамедов (мектеп директоры) т.б. көршілер жиналғанда Әбсейіт жездеміз: «Гитлердің қапасында антифашист, халқының шын жанашыры Эрнст Тельман жатыр. Сондай қайсар, адал адам болсын, атын Эрнст деп қоялық дегенде кілең большевиктер келісе кеткен. Ал соғыс жылдарында АҚЖ-да қайбір сауатты адам отырды дейсің?! «Эрнст» деген есімге және бір әріп қосып жіберіп, Эрнест деген есімді сүйреп келе жатырмын. Екеуі де неміс есімдері болғандықтан қозғамадым. 1938-1939 жылдары Кеген ауданына бірінші хатшы болып Ораз Жандосов келіпті. Аз-кем ауданмен танысып, ел-жұртымен қоян-қолтық іске кіріседі. Қазіргі «Кегенский перевал» деп орыстар, «Қайқы» асуы деп жергілікті халық атап жүрген он екі шақырымдық жолды, тік бетті ортан белінен текшелей кесіп, жол салуға кіріскен. Жандосовтың ұсынысымен мектепте иесі жоқ пәндердің бәрінен сабақ беріп жүрген Төреханды он жасында аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы етіп сайлатады. Төрехан сол кезде өлең жазады екен. Домбыра, мандолин тартады. Бойшаң келген көркем жігіт отырғанда ауылдас өз аға-әкелері имене кіретін көрінеді. «Өзі жайдары болғанымен, мысы басып тұрушы еді» – дейді мен көрген, сөйлескен, Төреханнан жасы үлкен қариялар. Әбдікерім, Бердібек, Ыбырайым аталар аудандағы алғашқы мұғалімдер болыпты. Сонда Әбдікерім атамыз: «Әй, Ерік! Сенің әкең Төрехан ғой бізді – ағаларын Жәркенттегі мұғалімдер курсына тізіп апарып оқытқызған. Соның арқасында өмір бойы бала оқытып, мұғалім атанып келеміз» – деп бір ақиқаттың бетін ашып еді. Мен бірінші мен жетінші класс аралығында жеті грамота алған екенмін. Күндердің күнінде ауылға «Поэт» деген көркем фильм келе қалды. Қазір ойласам, басты кейіпкері Маяковскийге, лириктік сәттері, өлеңдері С.Есенинге ұқсайды. Сол «Поэт» фильмі менің ішкі әлемімнің астан-кестеңін шығарып кетті. Енді Ерік (үйде, мектепте) Төреханов кинодағы ақынша бойын тіктеп, полу-бокс шаш қойып, хром етік табылмаған соң жарғақ етіктің қонышын «гармошка» жасап, «жігіттің сұлтаны» болып шыға келдім. Қонышта бір дәптер, бір сия қарындаш. «Шабыт» қысқанда сабақты ысырып қойып өлең жазамын. Солай математика, физика, химия пәндеріне тәкаппарлықпен қарап, кенжелеп қалдым. Қазір сол қылығыма өкінемін... Сөз орайында айта кетейік, өзімді жазушы ретінде қалыптастырған француз және орыс классикасы деп ойлаймын...

1946 жылы мені бауырына басып аяған Ақ апам (ел арасында осылай атайтын) дүниеден озды. Сонда Төреханнан кейінгі ұлы Әкімханға: « Мына баладан айырылма. Үйіріне қосқан оп-оңай Сәбитов болып кетеді. Менен соң үйде үш еркек – өзің, Саятханың, Ерік үшеуің қаласың. Жасың он сегізге толды. Менің қырқымды берген соң сөйлесіп жүрген адамыңды үйге кіргізіп ал. Мен ол бойжеткеннің кім екенін білемін. Шешесі – Әділбек байдың қызы Қойсын. Әкесі – Сүгірбек әжінің баласы Халық деген кісі. Болған адамдар. Үйі – Ұзынбұлақта. «Руы – баба, байпақка салып саба» деп, халық ол атаның жуастығын, тірлікке берілген, малсақ жандар екенін дөп басып айтқан ғой» депті...

Бәрі солай болды да. Менің екінші шешем – Күләш Халыққызы он жеті жасында біздің тоқал тамға береке-бірлік әкелді. 1947 жылы Бақытжан Жұмаділов дүние есігін ашты. (Сөз әйгілі әнші, композитор, «Полигон», «Дос-Мұқасан: жылдар мен жолдар», «Стих и Я», кітаптарының авторы, суретші Бақытжан Жұмаділов жөнінде. **Ред.**). Солай екеуміздi, бізден кейінгілерді Әкімхан мен Күләш аяқтандырып, жеке үй болғанша бағып-қақты. Ең алғашқы оқымай, бастан-аяқ тыңдаған шығармам – «Ботагөз». Тәтем мектепті үздік бітірген, өзі сахнадан өлең айтқан әнші, қалың да ұзын қара шашын екі бұрым етіп арқасына лақтыра салатын, тауып сөйлейтін, өзінен сегіз-тоғыз жас кіші қайнысы Саятхан, мен, Бақытжан, Гүлбанулармен бірге ойнап, тек әкеміз түскі асқа, кешкі асқа келетіні есімізге түскенде жабыла тірлікке кірісетінбіз. Сол еркіндік бәрімізге дарыған тәрізді. Мен бастауыш кластарда жүріп-ақ, мектеп пен аудандық балалар кітапханасын тауыстым. Кітапханашылар кітаптарды ауыстыруға келе жатқан мені көрсе: «Ой-буй... Әне, Ерік келе жатыр. Қандай кітап ұсынамыз? Ол оқымаған кітап жоқтың қасы», – деп сасқалақтайды екен. Сол әдет жетпіс беске келіп көзіне екі мәрте ота жасатқан Еріктің қыр соңынан қалған емес.

1950 жылы бірінші класқа бардым. Әкемізді Нарынқолға ауыстырғанда мен сегізінші класта оқитынмын. Бөлендей басбұзар, соқтар болған жоқпын. Әкеміз (Әкімхан) біз бір нәрсе бүлдіргенде үйде бәрімізді отырғызып қойып «жиналыс» ашады. Ол кезде Саятхан – бойдақ, мен сегізінші кластамын, Бақытжан – төртінші класта, Гүлбану, Бауыржан, Ержан, кенжеміз Салтанат – шүпірлеген балалар өсіп жатты. «Жиналысқа» Әкімхан іргеміздегі әпкесі Нұрипаның балаларын да қатыстырады. Мәселе темекіден басталды. Мәлік менен үлкен, оқын-

# қоңыр мұңы...

**Эрнест ағамыз жетпіс бес жасқа толды. Бұл орайда біз жазушыдан өзін толғантқан жан сырымен бүкпесіз бөлісуін өтіндік.**

шы класс оқушысы, мен, одан соң Серік, Бақытжан төртеуміз «Байкал» дейтін шегедей ғана папиросты бір қуысқа тығылып алып тарттық. Құнығып, дағдыланған ешкім жоқ. «Біз де көрейікші» деген балалық қана. Сөйтсек, шаштары сексиіп кішкентай қарындастарымыз бізді аңдып жүріпті. Кешкі ас үстінде Гүлбану, Бақыт екеумізге қарап күле берді, күле берді. Содан мамасы:

– Саған не болды? Шайтан қытықтап жатыр ма? – дегенде:

– Ой, Мама! Пап! Одан да қызық бір нәрсе бар!

– Айтсаңшы, бізде күлейік, – деп папасы езу тартып еді, Гүлбану қатар отырған Бақытжан екеумізге: «Темекі тартқандарыңды айтайын ба?» – дегенде жүрек тоқтап қала жаздады.

– Әй, Күләш! Міне, масқара болдық. Шақыр Мәлік пен Серікті! (Әкеміз зіркілдемей-ақ түсін суытса дүние құсырылып қалатын қасиеті бар адам болатын. Байқаймын, «темекі» үлкен жанжалға айналғалы тұр). Екі жиені келді. Бәріміз «Вена» орындығында отырмыз. «Артобстрел» басталды. «Тергеу» аяқталды. Бәріміз кінәмізді мойнымызға алдық. Әкеміз төргі үйден белдігін әкелді де, бірінші болып Мәлікке шүйілді. «Темекіні қоясың ба, жоқ па?» «Мен бірақ рет тарттым»... дегені сол еді, белдік жон арқасына сарт ете қалды. Мәліктің көзінен жас ыршып кетті. Одан соң Серік, өзіне шыр бітпейтін арық неме өз «порциясын» алды. Серік пен Бақытжанның жастары карайлас. Бірге ойнайды, өз «отрядтары», тоғайда «штабтары» бар. Серік қайқаң еткенде Бақытжан мырс етіп күліп жіберіп еді әкесі : «Әкеңнің басына күлесің бе?!» деп қаттырақ салып жіберді. Бақсам, бәрінің үстінде киім бар екен де, менің кеудем түгел жалаңаш. Сасқанымнан шешемнің жемпірін кие қойып, тымпидым да қалдым. Кезек менікі, әкем алдыма таман келіп, Төреханды ауызға алып, сүйектен өтер сөздер айтты да, анықтап үстіме қарады. Үстімде тәтемнің жемпірі.

– Күләш! Күләш! Бері келші! – Өзі ішек-сілесі қатып күліп тұр. Жаңа ғана кеудесі жалаңаш болатын. Көзді ашып-жұмғанша сенің жемпіріңді кие қойыпты. (Анамыз да күлкіге басты). Сонымен, тек мен ғана «таяқ» жемей құтылдым. Ал шын мәнісінде, әкемізге апам мені тапсырғанда: «Ешқашан қол көтерме. Маңдайынан өзің де шертпе, өзгеге де шерткізбе – мені көрде жатып өкіртпе» деген апамның сөзін ол кісі бұлжытпай орындады. Мен де ол кісі әкем үшін іштей тілеуін тілеп, бір жағына шығармын тірі жүрсем деп ойлаумен болдым. Мен де түптің түбінде сөзімде тұрдым. Қалада өзінің алты баласын, інісінің шүпірлеген үш қызын, қонақ арымайтын отбасын Қаржы министрлігінен алатын жалақымен бағып-қақты.

Біз 1960 жылы отбасымызбен Нарынқолдан тіке Алматыға көшіп келдік...

Қысқаша айта кетейін. Әкімхан Жұмаділов он екі жасынан аудандық оқу бөлімінде статист болып жұмыс істеді. Түсте жұрт үзіліске кеткенде достарымен асық ойнайды екен. Өйткені апасы берген бір үзім наннан басқа талғажауы жоқ. Солай ойнай-ойнай ауыл сыртына, Алматы жолынан ұзап кетіпті. Енді бір мезетте ту сыртынан:

– Әкіш, айналайын, ұттың ба, ұтылдың ба? – деген сәл мұрнынан сөйлейтін дауыс естіледі. Сөйтсе, Әкімханды іздеп, оқу бөлімінің меңгерушісі, жайшылықта жаймашуақ, өте адал, турашыл, адуыны үй жығар сұңғақ денелі, қайсар кісі келіп тұрса керек. Сөйтсе, сен бәрібір осында боласың, деп бүкіл кеңсенің кілтін Мүсілім Шәкіров Әкімханға беріп кетеді екен. Сол күні ойын баласы, оқу бөлімінің қызметкері Әкімхан асықка қызыға-қызыға, байқамай ұзап кетіпті. Атқа мінгесіп, кеңсеге келсе, қызметкерлер есіктің көзінде топтанып тұр екен. Мүсекең баланың балалығын түсініп, ешнәрсе айтпаған соң басқалар да езу тартқаннан арыға бармаған. Кейін әкемізді аудандық партия комитеті қаржы-қаражат бөліміне аға инспектор етіп ауыстырды. Одан соң барып-келіп, Семейдің финанс техникумын сырттай оқып алды. Тарихтан белгілі, соғыс кезінде Қаржы министрі болған Зверевтің шәкірті Гарбузов министрлікке келді. Ел есін жиып, ішіп асқа, киіп киімге жари қоймаған кезең. Кадр жетіспейді. Сонда Гарбузов аудандық қаржы бөлімдерін жақсы басқарып жүрген, облыстарда қолдың қысқалығынан жоғары білім ала алмай жүргендердің тізімін жасатады. Шынында да, былай тартса өгіз өлетін, былай тартса арба сынатын-ақ жағдай екеніне көзі жетеді. Содан өз бұйрығымен Ленинградта жаңағы кадрларға жоғары білім алып беру үшін мынандай қадамға барады: жаңағы тізімге іліккендердің жалақысы отбасына беріледі. Ал өзі «Бүкіл Одақтың жоғары финанс мектебі» деген атпен үш жылдық оқу орнын ашады. Студенттерге бұрынғы жалақылары көлемінде стипендия тағайындап, жатын орын, түскі асты тегін ішетін жағдай жасайды. Түс әлетінде біздің есік алдында он-он бір ат мама ағашты жағалай тұрды. Әкімхан өз аппаратындағы ағаларын, туған-туыстарды жиып: «Егер дәл осы сәтті пайдалана алмасам мен жоғары білімсіз қалғаным қалған. Не ақыл қосасыздар?» – деп сауал тастайды. Бірінші болып апам Қарақолдан қаңғып, аш-жалаңаш жылап келе жатқан тоғыз жасар орыс баласы Денис Казанцев деген ақ офицердің жетімін асырап алған. Төрехан екеуі бірге өскен. Алдымен Денис аға сөз бастап, Әкіш, ел болып сенің отбасыңды жүдетпеспіз. Оқы. Мен отын-суыңды мойныма алдым. Тася артық дәмі болса осы үйге тасиды. Жездеміз, бірақ әкемізден боп кеткен дорстрой бастығы, дене бітімі Дінмұхамед Қонаев тәрізді биік Жұманбай деген кісі: «Мен ұн мәселесін, қантшайын мойныма ілдім, Әкіш» – деп сендірді. Әкемнің қарамағында меңгерушінің орынбасары болып еңбек етіп жүрген Байсабаев деген қалжыңбас кісі еді: «Денис пен



Жұманбай оңай құтылып кетті. Ең қиыны – балаларды қызылсыратпау емес пе? Оны мен көтеремін. Ауданда қанша салық инспекторлары бар. Солар есеп беруге келу үшін соғымын сүйрей келмей ме? Сонда үш жылда ірісі бар, ұсақ малы бар, әрқайсысы бір мәртеден келсе үш жыл өте шығады» депті...

Арқасүйер ағаларының сөзде тұрмағаны жоқ. Әкеміз жоғары оқу орнын қызыл дипломмен бітірді. Нарынқолға ауысып, бес жылдай жұмыс істеді. Салық жинаудан үш мәрте республикада бірінші орын алды. Ол кезде Нарынқолда Р.Мақашев деген нағыз патриот, партияның кіршіксіз қайраткері бірінші хатшы еді. Ол кісі әкемізді атқару комитетінің төрағалығына ыңғайлап жүргенде, Қазақ ССР-нің финанс министрі Атамбаев Әкімханды бұйрықпен: «Временно прикомендировать» деп шақыртып алады. Сөйтсе Атамбаев аудан басшыларымен, облыс басшыларымен сөзге келіп те қалыпты. Әкімханды қабылдағанда оның үстінде каракөк китель, аяқта шешендер киетін іші жылы, сырты кавказдық «модамен» тігілген «бурка» болыпты.

– Әкімхан, сен райисполкомдыққа қызығып жүрсің бе? – деп сұрайды.

– Қалтамызда – партбилет. Обком бекітсе мен қайда барам? Ал өзім финанс министрлігінің жүйесінде болсам деп қалт-құлт жағдайда жүрмін.

– Міне, сөзің енді түзелді. Мен саған Гурьевке, Оңтүстікке облыстық басқармаларға орынбасар болып бар дегенді ұсындым. Көнбедің. Сені оқытқан – СССР финанс министрлігі. Сен біздің кадрсың. Мен сені ешкімге жетектетіп жібере алмаймын. Ал райисполком болдың делік. Рахымжан Мақашевті ЦК ауыстырса келесі бірінші келеді де ауылдың малын, жүн-жұрқасына дейін өкіметке тапсыра бастайды. Сен оған қарсы шығасың. Секретарь обкомға сен туралы жаман пікір қалыптастырып, жұмыстан алып тастайды. Өзі облысқа, ЦК-ға ет, сүт, тері-терсек, салық көрсеткіштерін көзір қылып тартады да, Алматыға, болмаса басқа облысқа басшы қызметке тайып тұрады. Қазақ айтады: «Есің барда еліңді тап» деп. Мен саған әзірше бөлім меңгерушісі деген қызмет беремін. Одан арғысы бола жатады. Сенің пәтер туралы айтарың белгілі. Жеті баламен вокзалға көшіп келмесіңді де ойластырдым. «Шевченко» мен «Мир» көшесінің қиылысында бір академик тұрып жатыр. Екі айдан соң олар өздері салдырған үйге көшеді. Хозу бастығы, сен және мен ғана білеміз осы құпияны. Әзірше, салт басты болып жұмысқа кірісе бер. Үй менің мойнымда, одан да басқа әлеуметтік жағдайлар жасалады. Тек тұратын үйің болса, қызметіңді өткіз де өзіме кел. Бірден, ешкімге соқпай осы жерде кездесетін болайық» – дейді. Сөйтіп бас бухгалтерді шақырып алып, қатаң ескертеді: «Акимхан Жумадилов с 11 августа будет выполнять объязанности заведущего отделом, соцкульт управления. Об этом прошу Вас не распростроняться. Иначе, претенденты начнут суетиться, меня теребить. А еще вместе с ним определите сумму подъемных. Унего семеро детей и брат родной».

Әкімхан орнынан тұрғанда:

– Сен сәл кідірші, – дейді министр. – Мынау не киім? Китель, бурка. Келесі жолы сені костюммен, галстукпен, әп-әдемі туфлимен көретін болайын. Енді сен колхозшы емессің. Астанада жұмыс істейтін қызметкерсің. Реніш жоқ па?..

Гурьев облысының тумасы Атамбаев өзі Мәскеуге Қазақстанның тұрақты өкілі болып ауысқанша Ә.Жұмаділов басқарма бастығы қызметіне дейін көтерілді. Балалы-шағалы екенін бұйрыққа енгізіп, ресми түрде арнайы жоғары жалақы тағайындатады.

Әңгіме мен туралы болғанымен неліктен былай да былай ауытқып отырмын? Мен саналы түрде 1960 жылдардағы қарапайым ауыл атқамінерлерінен, министрге дейінгі аралықтағы, әр сатыдағы адамдардың адамгершілігін, Қазақстанның екі қиырында дүниеге келген адамдардың бір-біріне ішкі есепсіз жасаған жақсылықтарын жоқтап, бүгінгі адамдармен салыстыра еске алып отырмын. Алдынғыларынан қазақы бауырмашылық аңқып тұр. Бүгін сондай адамдарды емге таба аласыз ба?..

Әңгімелескен
**Күлтөлеу МҰҚАШ**

*Блиц-сауал*

### «ЖАЗБАҒАН, КІТАП ОҚЫМАҒАН КҮН – ӨЛГЕН КҮН»

– Таяу келешектегі жоспарыңыз?

– Қазір «Ойлан, Ерсақ» деген шартты атпен роман жазу үстіндемін. Амандық болса, 2019 жылдың ақпанына дейтін бітірсем деп мен ойлаймын. Ал Тәңірім не дерін уақыт көрсетер. Роман ғасыр басынан бүгінгі күнге дейінгі өмірді зерделеуге арналған.

– Не үшін жазасыз ?

– Жазбасам, кітап оқымасам, ол күнді «өлген күнге» жатқызамын.

– Өзіңізді қандай ортада жайлы сезінесіз?

– Сондай орта іздегеніме көп болды. Таба алмай жүрмін.

– Қатты таңырқатқан жайт?

– Бертінде бір басылым американдық атышулы бай адамның ақшасы 4,7 триллионға жеткенін жазды. Біздің олигархтардың сол шалдан қалып қойғанына таңдандым. Дәріні 30-40 процент қымбаттату, мектептерден тегін тамақты тартып алғандары секілді санасаң шаш жетпейтін қымбатшылық, салық мүмкін Американы шаң қаптыру үшін жасалып жатқан шығар? Онда, алға, қазақстандықтар! Мыңға жуық атом бомбасы жарылысына төзді. Жеті жаны бар халықты әлі де қыса беруге болады. Қинай беру керек... Бәрібір «сенің мұның не?» дейтін ешкім жоқ. Мораль, ынсап дегеннен «құтылып» алғанымыз қандай жақсы болды!

Ал Әл-Фараби бабамыз бізбен әуел баста-ақ келіспеген. Ол: «Тәрбиесіз берілген білім сол елге мың мәрте жамандық әкеледі» депті. Келісесіз бе?

**Проект курорта «Кок-Жайляу» превратился в одну из самых обсуждаемых тем в Казахстане и разбил общество на два больших лагеря. Эта тема достигла высшей точки накала на общественном слушании в Алматы 4 ноября. А 9 ноября аким мегаполиса Бауыржан Байбек представил проект президентам Казахстана и России на межрегиональном форуме в Петропавловске: «До конца года совместно с французскими и австрийскими консультантами будет завершен бизнес-план круглогодичного курорта «Кок-Жайляу».**



# «КОК-ЖАЙЛЯУ» НЕСОСТОЯТЕЛЕН ИЗ-ЗА ИЗМЕНЕНИЯ КЛИМАТА И РЕЛЬЕФА ЗЕМЛИ



*На фото. Вид канатной дороги на горнолыжном курорте Виллар-сюр-Оллон, Швейцария, 1 января 2017 года*

### ПОЧЕМУ БОЛЬШИНСТВО ГОРНОЛЫЖНЫХ КУРОРТОВ ИСЧЕЗНЕТ

А знают ли акимат Алматы и разработчики проекта «Кок-Жайляу», что на Земле идут глобальные изменения климата, из-за которых скоро исчезнет большинство горнолыжных курортов?! Французский горнолыжный курорт Абонданс (Abondance) закрывался из-за таяния снегов и снежных обвалов, вызванных глобальным потеплением. Знаменитые горнолыжные курорты Австрии превратились в зону стихийного бедствия – количество лавин превышает все разумные пределы. Видимо, французские и австрийские консультанты остались без работы у себя на родине, чтобы теперь продвигать проект горного курорта «Кок-Жайляу» в Казахстане, где не обращают внимания на такие очевидные факты.

По всему миру такие курорты теряют свои позиции из-за изменения климата, а у нас хотят их строить! Например, в американских штатах Коннектикут и Массачусетс находятся в общей сложности 17 горнолыжных центров, а результаты исследований говорят о том, что к 2039 году ни в одном из них не будет нормального лыжного сезона даже в том случае, если использовать искусственный снег. Оползень, обрушившийся в августе 2017 года на долину Валь Бондаска в швейцарском кантоне Граубюнден (были человеческие жертвы), поднял в научном мире вопрос о таянии Альп в условиях глобального потепления. Сегодня многие районы Швейцарии, две трети которой занимают горы, подвергаются риску регулярного схода лавин и оползней.

Из-за изменения климата увеличились риски природного характера в горной местности. Об этом есть много информации на сайте galiya.kz.

Алматинцы забыли, как страшный ураган в мае 2011 года в горах разрушил тысячи деревьев Иле-Алатауского национального парка? Тогда на территории парка «Медеу» произошло падение более 4 тысяч деревьев. Общая площадь пострадавшей территории составила 480 гектаров. Лишь по случайности человеческих жертв было минимально.

В тот день небывалый ураган пронесся по Алматы и Алматинской области, наломав немало дров. Выпал град диаметром в два сантиметра. В городе ветер ломал сотни деревьев, обрывал линии электропередач, валил заборы и срывал кровли крыш. Ветер в горах вырывал деревья с корнями, некоторым из которых по сотне-другой лет. Западнее и восточнее дороги на Медео и Шымбулак лежали поваленные деревья. Такая картина наблюдалась и в урочищах Кимасар, Просвещенец, Горельник, Туюксу, Сырасай, Кок-Жайлау. Кстати, во многих местах поваленные деревья лежат до сих пор.

Масштабы урагана оказались серьезнее, чем можно было представить первоначально. Все специалисты единодушны в одном – такого урагана за все время наблюдений не было. И ураган был одним из «знаков» природы об опасностях в горах.




### ПОЯВЯТСЯ РЕКИ, ГОРЫ ОСЯДУТ, БУДУТ ОПОЛЗНИ

По какой причине из «селя» в Алматы в июле 2015 года, начало которого тоже в горах, не извлекли никаких уроков?!

В статье «Истоки «селя» в Алма-Ате» целитель-медиум Галия Керей писала об этих уроках и устье будущей реки Орсол: «Небесные Силы дают предупреждение, а людям решать: продолжать жить рядом с руслами рек или переселяться подальше от них, спускаться с гор или подниматься туда жить. Произошедшее 23 июля 2015 г. явление можно понимать так: Небеса дают людям передышку, чтобы они подумали, будут ли переселяться, что будут делать дальше, чтобы не случались в будущем подобные «предупреждения». Устье реки Орсол находится глубоко под горами, под озером «Безымянное» и озером имени Маншук Маметовой (озером №6). Устье реки является огромной котловиной, откуда вода из-под земли выходит на поверхность как реки Малая Алматинка, Каргалинка, Карагайлы и другие на той площади, где находится устье Орсол. Этих рек много, они под землей объединяются у выхода из-под земли у конца отрогов. А в северной части вода выходит на поверхность ближе к городу, где начинается устье реки Каменка. Выход воды новых рек и озер в некоторых случаях будет сопровождаться селевыми потоками, потому что их истоки забиты камнями. Река идет из-под земли под большим давлением, чтобы выйти на поверхность, поэтому выход воды кажется как сель. После выхода вода двинется по своему исконному руслу и дальше по своим подземным путям и соединится с общей водной системой». («Орсол» – общее название будущих рек не только в Казахстане, но на всей Земле, которые будут различаться по местности).

По проекту «Кок-Жайляу» Галия Кажигалиевна дала такой комментарий: «По информации, полученной от Небесных Сил, вкладывать деньги туда, где не нужно – не стоит. В том месте, где планируется строить «Кок-Жайляу», формируются русла рек Орсол, поэтому курорт там не должен быть. В том районе имеются речки – они являются основой для будущих больших рек. На Кок-Жайляу берет начало речка Терисбутак – это тоже признак будущей «рыхлости» почвы, оползней в горах и т.д. Из-за изменения рельефа земли, климатических изменений горы осядут, будут оползни. Тем более местность Кок-Жайляу окажется между устьями реки Орсол и будущим озером Есік, которое появится после Орсол. Но если состоится строительство курорта, то деньги выбросят на ветер».

Наглядный пример, как горы оседают, что вызывает оползни, – это строительство Международного комплекса лыжных трамплинов «Сұңқар», который построили на склоне горы чуть выше проспекта Аль-Фараби, в районе Ремизовки. В мае 2016 года там произошло чрезвычайное происшествие: гора просела, оползни сошли на будущую лыжную трассу, накрыли автодороги, и дома алматинцев оказались под угрозой. Кстати, и на Шымбулаке часто происходят оползни.

На сайте galiya.kz есть ряд материалов с предупреждением: когда на Земле происходят на редкость сложные геологические процессы, мешать им не следовало бы. Для иллюстрации: во время наводнения в ряде районов Северного Казахстана строили дамбы, но вода пробила свой путь и разлилась по всей территории Северного Казахстана, затапливая даже там, где не должна была появляться на равнине. По этой причине, например, нет необходимости строить дамбу в Атбасаре – это преграда для поступающей воды, которая ищет свое русло и будет рушить все на своем пути, в том числе и дамбу.

И как сказала Галия Керей: «Строить дамбы, искусственный водоем на Кок-Жайляу нельзя по вышеуказанной причине. По проекту «Кок-Жайляу», для обеспечения снежных пушек водой будут построены дамбы – будет искусственный водоем. При оседании и движении почвы возможен прорыв дамбы, и поток воды снесет все на своем пути, в том числе построенные здания».

### ЗИМНИЕ ИГРЫ ИДУТ К СВОЕМУ ЗАКАТУ

В целом зимние игры идут к своему закату. Убедительный пример – игры в Ванкувере в 2010 году, которые чуть не сорвались, когда накануне олимпиады горнолыжный курорт затопило ливнями. Дожди в самом разгаре зимы чуть не сорвали и зимние Азиатские игры в 2011 году (Азиаду) в Алматы.

Если проследить за конкурсами на проведение зимних Игр, то в последнее время многие страны по разным причинам отказались от участия в них. К примеру, на право проведения прошедшей зимней Универсиады-2017 претендовали только Италия и Казахстан, однако за неделю до объявления результатов правительство Италии приняло решение снять свою кандидатуру.

Аналогичная ситуация была и в проведении конкурса XXIV Зимних Олимпийских игр (2022 г.). Под разными предлогами сняли свои кандидатуры Стокгольм, Осло, Краков. По результатам референдума отказались швейцарцы и немцы, украинцы – из-за политической обстановки. Среди желающих принять участие в конкурсе было немало стран с опытом проведения зимних игр (США, Канада, Финляндия, Франция и др.). Но трезвая оценка ситуации победила – они своевременно отказались от чести проведения Игр и т.д.

Однако в отказе многих стран от участия за право проведения зимней Олимпиады кроме финансовых проблем – климатические изменения, хотя это не афишируется.

В «Книге Луны о новой модели жизни» (2004 г.) и на сайте galiya.kz есть информация об «уходе» зимнего периода, которая подтверждается небывалыми теплыми зимами, зимними дождями в последние годы на юге Казахстана. Однако наши власти с упорством, достойным лучшего применения, не обращают внимания на явные признаки нового климата. В итоге Алматы может понести финансовые, спортивные, имиджевые и иные потери.

В конце 2016 года была новость о том, что горнолыжный курорт «Табаган» выставлен на продажу. За участок общей площадью 94 гектара с горнолыжными трассами, канатной дорогой и другими объектами продавец просил чуть более 2.1 млрд тенге (около 6 млн долларов). Курорт находился в залоге у банка и выставлен на продажу из-за неплатежеспособности владельца. Выходит, горнолыжные курорты – убыточны? Для сравнения, бюджет строительства курорта на Кок-Жайляу – 230 млн долларов или 85 млрд тенге.

P.S. Плато Кок-Жайляу находится на территории Иле-Алатауского государственного национального природного парка и расположено с востока на запад между Малым и Большим Алматинскими ущельями, в 10 км от города (выше микрорайона «Орбита»), на высоте 2 300 метров.

**Дастан ЕЛДЕС**
*d.eldesov@mail.ru*

№45 (811), 19 қараша, 2018

ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

**Как сохранить свою уникальную культурную и национальную самобытность? Этот вопрос стоит сегодня, в эпоху глобализации, перед каждым народом. Но для нашей страны этот процесс адаптации к глобальным тенденциям мирового развития имеет свои особенности. «Казахстан – уникальная страна. В нашем обществе причудливо объединились и взаимодополняют, взаимно подпитывают друг друга самые разные культурные элементы», – писал в своем Послании «Стратегия «Казахстан-2050» президент Н. Назарбаев. Он также отметил, что главным духовным стержнем для нашего народа является казахский язык: «Это главный бриллиант в короне суверенности нашего государства».**

